95	Романдық эпоста топонимдердің қолданыс аясы	Баспа	Materialy X mezinarodni vedecko-prakticka conference “Zpravyvedecke ideje-2014” Dil 8. Filologickevedy.:Praha. Publishing House «Education and Science» s.r.o. – 112 stran. –С. 56 – 63.	0,5	
96	Оқу процесінде жаңа технологиялық тәсілдерді қолдану жолдары	Баспа	«Қазақстан 2050» стратегиясы – жоғары оқу орындарында педагог кадрларды кәсіби даярлауды қалыптастыру концепциясының негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Шымкент: «Оңтүстік полиграф», 14-15 қараша, 2014. -82 – 85 бб.	0,2	
97	Пекиндегі күндерден	Баспа	Ақтөбе – Конфуций журналы. Сұхбат. №3, 2014.– 30 – 33 бб.	0,2	
98	Особенности взаимосвязи фольклора и топонимики	Баспа	Теоретические и практические проблемы развития современной науки: сборник материалов 6-й международной научно.-практический конференция - Махачкала, 30 ноября, 2014. - С. 104-107.	0,2	
99	Ертарғын жырының эпикалық кеңістігін танытуда топонимдердің қызметі	Баспа	«Түркітанудағы ортақ рухани мұралардың зерттелуі: кешегісі, бүгіні, болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Орал: Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясыныңбаспа орталығы. 3-4 қазан, 2014. – 150 – 152 бб.	0,1	

100	Топонимические сюжеты и исторические факты, связанные с Кобыланды батыром	Баспа	Наука 21 века: вопросы, гипотезы, ответы. Научный журнал.(ISSN №2307-5902), №1 (10), 2015. – С. – 98-107.	0,6	
101	Фольклордың синкреттілік сипаты және оны оқыту мәселелері	Баспа	«Әдебиетті оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. – Ақтөбе, 24 сәуір 2015.- 13- 17 бб.	0,3	
102	Топонимдік сюжеттердің түркі халықтарына ортақ сарындары	Баспа	Гуманитарлық зерттеулер мәселелері: Ғылыми мақалалар жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ Баспа орталығы, 2015.- №21. – 24-28 бб.	0,5	
103	Қобыланды батыр: эпостық қаһарманнан тарихи тұлғаға дейін	Баспа	Гуманитарлық зерттеулер мәселелері: Ғылыми мақалалар жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ Баспа орталығы, 2015.- №21. – 62-69 бб.	0,5	
104	Хикая жанры: зерттелу, жиналу, жүйелену мәселелері	Баспа	«Қазақ әдебиеті және оны оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. –Ақтөбе: ЖК С.Жанәділов баспаханасы. 2015. – 80-87 бб.	0,6	
105	Академик С.А.Қасқабасовтың фольклорды жаңа қырынан зерттеулері	Баспа	«Академик Сейіт Қасқабасов және қазақ фольклористикасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Алматы: «Әдебиет әлемі».- 2015. – 73-84 бб.	0,6	
106	С.Қасқабасов - қазақ мифологиясының негізін қалаушы ғалым	Баспа	«Академик Сейіт Қасқабасов және қазақ фольклористикасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, - Алматы: «Әдебиет әлемі».- 2015. – 120-126 бб.	0,4	А. Абдуллина

107	Топонимдік фольклор: жанрлық түрлері, классификациясы, атқаратын қызметі	Баспа	«Фольклор және ұлттық идея» атты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары.- 20-21 қазан, 2016. – 34-39 бб.	0,4	
108	Топонимдік аңыздар табиғаты	Баспа	Халықаралық фольклортанушылар Конгресінің материалдары. – Астана:Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 5 қазан, 2015. – 89-91 бб.	0,2	
109	Фольклорлық шығармаларда топонимдердің қолданылу ерекшеліктері («Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының негізінде	Баспа	«Қазақ лингвофольклортану» ғылыми жобасы аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткізілген «Қазақ лингвофольклортануының бүгіні мен болашағы» атты республикалық конференция материалдары. –Астана. Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ баспасы, 2016. -70 – 78 бб.	0,5	
110	Білім беру жолдары: проблемалары, даму бағыттары	Баспа	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына арналған сырттай оқу факультетінің ұйымдастырумен өткен .«Білім беру ұйымдарындағы оқытудың жаңа әдістері» атты Халықаралық интернет-конференцияның материалдары, -Ақтөбе, 2016. – 4-5 бб.	0,1	
111	Азамат, Ғалым,Ұстаз немесе Әдебиет Молдахановтың үш анығы	Баспа	Фольклортанушы ғалым. (Профессор Ә.Молдахановтың 80 жасқа толу мерейтойына орай дайындалған	0,2	

			мақалалар жинағы).- Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ Баспа орталығы, 2016.-185.-15-17 бб.		
112	Ұлттық қаһармандық рух	Баспа	Ақтөбе.- 2016.- 6 қазан.	0,4	
113	Ә.Кекілбаевтың тарихи романдары:Әбілхайыр хан бейнесінің сомдалуы, саяси астары	Баспа	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына орай өткізілген «Қазақ әдебиетіндегі тарихи прозаны оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. – Ақтөбе: ЖК Жанәділов баспаханасы, 2016. – 147-152 бб.	0,4	
114	Әлем мифологиясындағы жылқы бейнесі	Баспа	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына арналған сырттай оқу факультетінің ұйымдастырумен өткен . «Білім беру ұйымдарындағы оқытудың жаңа әдістері» атты халықаралық интернет-конференцияның материалдары. – Ақтөбе, 2016. – 17-21 бб.	0,3	Аймаханова М .
115	«Edige» as the common heritage of the turkic peoples: historical basis of the epos		International Journal of Environmental & Science Education, 2016, VOL.11, NO.14, pp.6395-6408. - Published Online: September 8, 2016	0,9	Z.Assanov, M.Baltymova, B.Borash,E.Idrissova
116	Топонимдік фольклор: жанрлық түрлері, классификациясы, атқаратын қызметі	Баспа	«Фольклор және ұлттық идея» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы	0,6	

			АӨМУ Баспа орталығы, 20-21 қазан 2016. – 299-303 бб.		
117	Батырлық эпостағы жер-су атауларының көркемдік қызметі	Баспа	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2016.-№3 (112). Астана: ЕҰУ. – 171-177 бб.	0,4	Жақыпов Ж
118	Топонимический фольклор как жанр устного народного творчества	Баспа	Развитие гуманитарной науки в регионах России: Материалы Международной научной конференции, посвященной 85-летию Федерального гос. Бюджетного учреждения науки институт истории, языка и литературы Уфиммского научного центра РАН. Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН,2017.-386 с.	0,2	
119	Ономастиканың жалпы филологиялық аспектілері	Баспа	«Ономастика: Ізденіс пен тәжірибе» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы –Ақтөбе: М.Стиль баспаханасы, 29 наурыз 2018жыл. –32-36 бб.	0,3	
120	Едігенің эпикалық және тарихи бейнесін айқындаудағы жер-су атауларының қызметі		Ер Едіге және XXI ғасырдағы ұлттық сана: атты халықаралық конференция материалдары. –Ақтөбе: 26 сәуір, 2018ж. –112-116 бб.	0,3	
121	Ғалым Едіге Тұрсынов зерттеулерінде гі фольклортану мәселелері		«ЕДІГЕ ТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМЫ» Е.Д.Тұрсыновтың туғанына 75 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. “Үш Қиян” баспаханасы – Алматы, 20 маусым, 2018 ж. – 75-77бб.	0,2	Р.Р.Жумагалиева

122	Қазақ поэзиясы бір ғасыр бедерінде	Баспа	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдық мерейтойына орай өткізілетін «Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: Әдеби болмыс және дәуір шындығы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Ақтөбе: Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 19 қазан 2018 ж. –5-12 бб.	0,5	
123	Профессор Б.Бораш зерттеулеріндегі батырлар тұлғасы	Баспа	Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Т.Бораштың 80 жылдық мерейтойына арналған «Рухани жаңғыру: әдеби мұра және ұлттық құндылықтар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Ақтөбе: «Жұбановтану университеті» баспасы, 23-мамыр, 2018–304б. – 25-28бб.	0,2	
124	Тарихи шындыққа негізделген ғашықтық дастандар	Баспа	Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Т.Бораштың 80 жылдық мерейтойына арналған «Рухани жаңғыру: әдеби мұра және ұлттық құндылықтар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Ақтөбе: «Жұбановтану университеті» баспасы, 23-мамыр, 2018–304б. – 134-138бб.	0,3	А.С.Умирбаев
125	Сатира сардары	Баспа	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Мұсаевтың	0,4	

			70 жылдығына орай өткізілген «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. –Ақтөбе: Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 9 қараша 2018 ж. –11-16 бб.		
126	Ақсұмбенің Ақберені	Баспа	Филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы ғалым Нариман Жұмашұлы Нұрпейісовтың 60 жасқа толу мерейтойына арналған «Әдеби мұра– рухани жаңғырудың қайнар бұлағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Шымкент: «Әлем баспаханасы», 2018.– 140б. 44-48 бб.	0,3	
127	Ұлы даланың рухани мұралары	Баспа	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. – 274б.	0,2	
128	Едіге жырының өзегі – Еділ мен Жайық өзені	Баспа	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:	0,3	

			рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының 2 жылдығы мен «Едіге батыр» эпосының 600 жылдығына орай ұйымдастырылған «Едіге батыр» эпосы және ұлттық руханият» атты халықаралық конфренцияның материалдары. – Ақтөбе, «Баишев университеті» баспа бөлімі, 18-19 сәуір 2019ж.		
129	Ұлы даланың рухани мұралары	Баспа	«Қазақ лингвофольклортануының өзекті мәселелері»: Т 94 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (26 қыркүйек, 2019 жыл). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – 317 б. - 39-45бб.	0,4	
130	Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері мен атқаратын қызметі	баспа	«Қазақ лингвофольклортануының өзекті мәселелері»: Т 94 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (26 қыркүйек, 2019 жыл). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – 317 б. - 178-187бб.	0,6	
131	Ә.Дербісалин – фольклор мен әдебиеттің байланысын алғаш зерттеушінің бірі	баспа	Әнуар Дербісалин мұрасы рухани жаңғыру аясында: «Әдебиеттанушы-ғалым Әнуар Дербісалиннің ғылыми мұрасы рухани жаңғыру аясында»:Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, Алматы, 2019ж., 22 ақпан. – Алматы,2019.-106б.	0,3	
132	Топонимдердің танымдық қызметі	баспа	«Ономастика тынысы», №3, «Хабар- Сервис» ЖШС, 33-40бб.	0,5	
133	Эпический образ Кобланды батыра и	баспа	Актуальные проблемы современной филологии.	1,1	М.Р.Балтымова

	его историческая личность		Сборник научных трудов. Оренбург: ОГУ, 2019.-с. 142-160.		
134	Абай біздің ұлттық брендіміз	баспа	Ақтөбе.09 қаңтар 2020		
135	Мыслить шире и развиваться духовно	баспа	Литер. № 2 /3669/ 10 января 2020		
136	Бессмертное наследие	баспа	Актюбинской вестник. 11января 2020		
137	Абайды тану- асыл парыз	баспа	Егемен Қазақстан. 23 қаңтар 2020		
138	Основа прогресса-в образовании	баспа	Казахстанская правда. 15 января 2020		
139	Абайды тану- сөз қадірін ұғыну	баспа	Ақтөбе. 23 қаңтар 2020		
140	Абай танымындағы табиғат және адам концепциясы	баспа	Қ. Жұбанов ат.АӨМУ Хабаршысы. №2,2020.-187-193бб.	0,4	
141	Абай және табиғат	баспа	Ақтөбе. 30 шілде 2020		
142	Абай шығармаларының өзектестігі	баспа	Абайдың 175 жылдығына арналған «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ.2020. – 388б. – 1 том., 24-27бб.	0,25	
143	Позновательные свойства топонимического фольклора	баспа	Ермаковские чтения в Набережных Челнах. Культурно-историческая и социально-экономическая динамика регионов: Вызовы и возможности. сб.докладов II международной научно-практической конференции(Набережные Челны, 25 сентября 2020 г)- Казань: Изд-во Казан.ун-та, 2020.с. 110-117.	0,4	Балтымова М. Р.
145	Жанровые разновидности топонимического фольклора	баспа	Вестник Набережночелнинского государственного педагогического университета. №3(28), Сентябрь 2020.с. 67-83.	1	Балтымова М.Р.
146	Epic image of		World Journal of Yörük-	1,6	Bekezhan

	Koblandy batyr and his historical Personality		Türkmen Studies, 2020-2. 30-56 бб.		Akhanovich AKHANOV, Mukhtar Orynbasarovich MIRO.
147	Көркем шығарма және туындыгер мұраты		«Әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен әдебиетті оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 373 б.	0,4	
148	Peculiarities of toponyms functioning in kazakh folklore (on the material of heroic eposes)		«Ізденістер мен бағыттар» тақырыбындағы I халықаралық түркологиялық конгресс материалдары. Карабюк, Түркия, мамыр, 2022. 305-314 бб. ISBN 978-605955-471-87		Кенбаева А.З.

АҚТӨБЕНІҢ АБАТЫ

(Эссе)

Бауыржан Омаруұлы

«Сен құрметте оны!»
Шалқып жатыр Ақтөбенің шаттығы,
Қатар еміп талғаулы мен тәттіні.
Ертай Ашықбаев.

Ең жақсы көретін қаламның бірі — Ақтөбе. Бала кезімде біздің Қаратереңге келіп құлашын барынша керіп, сырнаймен сызылтып ән салған Геннадий Шульганың, сары даланы сазбен өрнектеген «Арайлы Ақтөбе» ансамблінің өнерін тамашалаған соң осы шаһарды бір көруге құмартып ем. Тілекті берейін десе, реті келе кетеді екен. Алтыншы класта оқып жүргенімде біздің шаңырақ көл-көсір қуанышқа кенелді. Әжемнің ашаршылық жылдарында адасып қалған екі сіңлісі қырық екі жылдан соң табылды. Бірі Орынбордан, екіншісі Челябіден бой көрсетті. Ал олардан өрген ұрпақтар Ақтөбеде тұратын көрінеді. Осылайша, бұл қаланы өзім туып-өскен облыстың орталығынан бұрын көрдім. Содан бері бір қазығым Ақтөбеге қағулы. Оқушы кезімде де, студент кезімде де мың-сан рет қатынадым. Өндірістік тәжірибеден өттім. Ғылыми жиындарға талай келдім. Сөйтіп жүріп қаншама дос таптым. Солардың бірі – профессор Абат Пангереев.

Абатпен қалай танысып едім өзі? Е, есіме түсті. Ешкімге ұқсамайтын ермінез досым Серік Бермағанбет жолықтырған екен ғой. Бұл пединститутта қазақ филологиясы факультеті ашылып, Ақтөбенің асығы алшысынан түсіп жатқан жылдар еді. Оқу орнының ректоры Мұхтар Арын Алматының маңдайалды университеттерін бітіріп келген жас оқытушыларды құшақ жая қарсы алып, төрге оздырған алтын дәуір… Жазғы демалысымда Аралға келіп, аз күн дамылдаған соң іргеде тұрған Ақтөбеге бара қалайын. Келген соң КазГУ-де ыстық-суық күндерді бірге өткізген сол баяғы Серік пен Бағиланы іздеймін ғой. Оқу корпусының алдында ұшырасқан Серік мені қасындағы жолдасымен таныстырды. Шашы қап-қара, сұлу мұртты, сымбатты жігіт екен. Өзі қос балдаққа сүйеніп тұр. Бір аяғын гипстеп тастаған. Сірә, жазатайым құлап, сындырып алған болуы керек.

Бұл тегін жігіт болмады. Мұхтар Арын жаңадан ашқан қазақ филологиясы факультетінің дүрдей деканы екен. Журфактың аюдай ақырған әйгілі басшысы Темірбек Қожакеевтен басқа деканның бәрі біртүрлі көрінетін-ді. Бұл жігіт те сондай бала бастықтың бірі сияқты. «Осындай да декан бола ма?!» дедім іштей көңілім толмай. Мұхаң да қызық, одан да менің маңдайы кере қарыс, екі иығына екі кісі мінгендей Серік досымды декан етіп қоймай ма? Жұқалтақ декан емес, жалпақ декан болар еді! Бәрінің де әлі кандидаттық диссертациясын қорғамаған кезі. Оның декан екенімен Серіктің шаруасы жоқ, қалжыңмен қажап, әңгімені біресе олай, біресе бұлай тартады. Деканы да қарап қалмайды. Анда-санда бір тіл қатып, ұрымтал тұстан сақ еткізеді. Тек тыпыршып, бір орында тұрмайды екен. Жасында спортпен айналысқан балаға ұқсайды. Бір фильмде Евгений Евстигнеев ойнайтын кейіпкер қос балдақты қолтығына қысып тұрып, биік колоннаны гипстелген аяғымен теуіп жіберетін еді. Секең қалжыңдаған сайын бастығының бес батпан «бриллиантты балтыры» байқаусызда досымның денесіне тиіп кете ме деп қорқа бастадым. Сосын Серікке қарап:

— Қанша дегенмен деканың емес пе? Сен құрметте оны! — дегенмін әрі аяғының ақсайтынын, әрі Әбу ағамыздың әйгілі өлеңін меңзеп.

Серік пен Абаттың қуатты күлкісі Ақтөбенің аспанында жаңғырып тұрды.

Арынның бас сарбазы
Ақтөбеде тұрып алды Күн батпай –
Тез шешіле қоймайтұғын жұмбақтай.
Ертай Ашықбаев.

Ол жоғары оқу орнының оқытушысы болу үшін ұзақ еңбек жолынан өтті. Тіпті білдей бір банк бастығының баласы екеніне қарамастан оқуға түсудің өзі оңай болмады. Мектеп бітіре сала дәрігерлікке талпынып, Алматыға барып, бақ сынады. Қазаққа онша үрдіс емес фармация саласын жаны қалап еді. Оқудан оңбай құлап, қайтып келді. Ойылдың маңындағы шөптерден дәрі-дәрмек жасап, елді емдеуге ықыласы ауған-ды. «Шөп те өлең, шөңге де өлең, өлең де өлең», — демекші, дәм-тұз шөп жағына емес, өлең жағына тартып кетті. Шөптің дәрісін емес, сөздің дәрісін қолданатын мамандықтың тізгінін ұстады. Бұл енді сәл кейінірек…

Мектепте оқып жүргенде бокспен айналысты. Жарыстан жарыс қоймай, жеңіске жетті. Алдымен ауданда, сосын облыста топ жарды. Салмағы қырық келіден сәл асатын бұйрабас бала келешегінен үміт күттіретін еді. Ақыры спорт шеберлігіне кандидат атанды. Мұнысы оқуға түсе алмай келген соң Ойылдағы жастар мен балалардың спорт мектебіне орналасуға септігін тигізді. Енді өрімдей бозбалаларды өзі жаттықтыра бастады. Бір жылдан соң әскери борышын өтеуге аттанды. Германияның топырағын екі жыл бойы етігімен таптап, елге оралған соң Қарағанды университетінің филология факультетіне түсті. Әдебиетшілер мен тілшілер қауымына танымал өнегелі ұстаздардан тәлім алды. Кейін жолдамамен Ақтөбе облыстық мектеп-интернатына жіберілді. Интернаттың жай мектептен айырмашылығы жеткілікті. Ойдан-қырдан жиналған балаларды бір ортаға топтастыру оңайға

соқпайды. Тентек те, телі де осында… Алайда оқушылар Абаттың алдынан кесе өтпейтін. Бәлкім, боксшы жігіттің мысы басатын шығар. Бұл оларды спортқа баулыды. Ұстаз бен шәкірттер арасында жарасымды сыйластық қалыптасты.

Көп ұзамай Ақтөбе педагогикалық институтына қызметке шақырылды. Ол кезде мұнда қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы жоқ еді. Сондықтан Абат психология және педагогика, бастауышта оқытудың педагогикасы мен методикасы кафедраларында оқытушылық қызмет атқарды. Сол салаға тиесілі пәндерден дәріс берді.

Тәуелсіздікке жол ашқан жылымық жылдарда институт ректоры, білікті басшы, ғибратты ғалым, ардақты азамат Мұхтар Арын айрықша қадамға бел буды. Ол қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын ашуға белсене кірісті. Ұйымдастыру ісі жас оқытушы Абат Пангереевке жүктелді. Бұдан соң оның Алматы мен Ақтөбенің арасын жол қылған сансыз сапарлары басталды. Ақыры, қазақ және шетел тілдері факультеті ашылды. Ұлттық мүддені тереңнен ойлайтын қарымды қайраткер Мұхтар Арын жаңадан ашылған мамандықты буыны баяғыда қатайған орыс филологиясының бауырына паналатқысы келмеді. Одан да шет тілдеріне қосақталып, еңсесін тіктеп алғанын құп көрді. Сөйтіп, ол қазақ тілі мен әдебиетін адымын ашпай жатып жұтылып кетуден сақтап қалды. Осы факультет деканының орынбасары ретінде жас филолог Абаттың да тәжірибесі толыса түсті.

Тәуелсіздікпен бірге қазақ филологиясы да өз алдына дербес шаңырақ көтерді. Абат жаңа факультеттің тізгінін қолға алды. Әдепкіде бұл саланың диірменін жалғыз тартқан оның қатары бірте-бірте толыға түсті. Мұхтар Арынның шақыруымен Нұрдәулет Алдашев, Серік Бермағанбет, Жанна Тектіғұлова, Несібелі Құрманова, Бағила Мұратбек, Гүлбану Әмірова, Сабыржан Мұхтаров сынды жас мамандар елдің әр қырынан келіп, осында бас қосты.

Ақтөбеде жасақталған Арын армиясының сарбаздары ерледі. Бүгінде олардың арасынан үш ғылым докторы шықты. Қалғандары – түгелге дерлік ғылым кандидаты. Мұхаңның ілгеріде айтқан «Енді бір он-он бес жылда Ақтөбеде таяқ лақтырсаң кандидатқа тиеді», - деген сөзі расқа айналды. Бір кезде мединститутқа барып доктор болғысы келген Абат кейін бәрібір доктор атанды!..

«Рикша» мінген жолаушы
Бұл Ақтөбе мазасы жоқ кент еді,
Дем алмайды тіпті жел мен желкемі.
Ертай Ашықбаев.

Мұхтар Арынның бас сарбазы Абат Пангереев филология факультетінің деканы, сатылы білім беру және маркетинг орталығының директоры, журналистика кафедрасының меңгерушісі, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, сырттай оқу факультетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарды. Қазір қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры әрі Абайтану және

ұлттық руханият ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі ретінде осыдан отыз жыл бұрын өздері бастаған істі лайықты жалғастырып келеді.

Абат ғылым әлеміне де өзіндік үлес қосты. 1997 жылы профессор Мекемтас Мырзахметовтің жетекшілігімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, ал 2010 жылы академик Сейіт Қасқабасовтың жетекшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» деген тақырып бойынша докторлық диссертация қорғады. Екі ғылыми еңбегі де өзара сабақтас. Ол жер-су атауларының төркініне үңілді, қалыптасу үдерістерін саралады, поэтикалық ерекшеліктерін айқындады. Жол үстінде келе жатқанда көзіне шалынған елді мекендердің атауын мысал етіп, жанындағы серіктеріне үнемі егжей-тегжейлі әңгімелеуден жалыққан емес. Соны байқаған ұлы Тәжімұрат бірде пойыз тоқтаған стансаны меңзеп, «Қотыртас… Жер-су аттарының поэтикасы!», — деп әкесін күлкіге кенелткені бар.

Кандидаттық еңбегінде қазақ әдебиетінің күрделі мәселесін қаузаса, докторлық диссертациясын қолға алғанда фольклорға ауысты. Бұрын әріптестері көп ат ізін сала қоймаған топонимикалық фольклордың шоғын үрлеп, отын көседі. Фольклордың бір тармағы аңыздармен астасып жататыны белгілі. Сондай-ақ, Абаттың болмыс-бітімінде де аңыз атаулының жекелеген элементтері байқалып қалады.

Кейіпкеріміздің есімі Асан Қайғы мен оның баласы Абат туралы аңызға байланысты қойылған. Асанның атақты перзентінің ел аузындағы әңгімелерде айтылатын кейбір қасиеттері Шамның ширақ ұлының бойынан да табылып қалады. Арғы Абаттың сынға түсетіні туралы аңызда баяндалатын мергендігі бергі Абатқа да қапысыз дарыған секілді. Абат аңға кетті дегенше, сол маңдағы аң-құстың саудасы бітті дей беріңіз. Бірін атып әкеледі, кейбірін өлердей қорқытады…

Абаттың өмірге есік ашуының өзі қызық. Оның тууына фольклорлық құндылықтарда кездесетін Ғайып ерен Қырық шілтеннің қатысы жоқ. Бұдан бұрын да балалары болған үлкендер Баба түкті Шашты әзізге де көп жүгіне қоймаған. Ол ертегінің батырындай алтын айдармен де тумаған. Кәдімгі қарапайым бала болып жарық дүниеге жеткен. Тек анасының толғағы қысқан сәтте… үйге жездесі Байдолла келе қалыпты. Ол көршінің үйінің алдында тұрған ат шананы дереу сүйреп әкеледі. Шана бар, ат жоқ! Байекең болашақ белгілі филологты босанғалы жатқан әйелді шанаға жайлап жайғастырып, өзі аттың орнына жегіледі! Қарулы жігіт көп ойланбастан перзентхана қайдасың деп тартып отырады. Атты алмастырған алпамсадай азаматтың жойқын күшін көрген соң, Абаттың ағалары Болат пен Алмат та шанаға жабыса жөнеліпті. Сөйтіп, сол күні анасы торсық шеке ұл туған! Кейін ес біліп, етек жапқан тұста сол ағалары: «Біздің Абат — рикшаға алғаш мінген қазақ!», — деп қалжыңдайтын көрінеді.

Сонымен, алғашқы «рикшаның» Ойыл топырағына жортқанына алпыс жыл өтіпті. Осыдан соң кейіпкеріміздің өзі зерттеген «Қостіккен», «Елқонған»,«Төретүскен», «Кілемжайған», «Атансойған», «Табаққырған»

топонимдерінің қатарына «Рикшамінген» деген атауды қосып қойған жөн шығар…

«Төретүскен», «Қостіккен», «Секеңжатқан»…
Бұлттар кеп тұр Ақтөбеге топталып,
Жауға да, жаумауға да оқталып.
Ертай Ашықбаев.

Мақаланың басында біздің әжеміздің ашаршылық жылдарында жоғалған туыстарының бірі осы Ақтөбеден табылғанын айтқанбыз. Бұл қалаға анда-санда ат ізін салғанымызда Қарғалы ауданында тұратын сол ағайынға бір соқпай кетпейтінбіз. Осы жолы да Бадамшаны бетке алып, жолға шықтық. Серіктерім сайдың тасындай. Әмір Оралбай, Серік Бермағанбет, Абат Пангереев… Серіктің кластасы Құрышбек те тобымызға ілесті. Оған «Сырдың сәні — ақ күріш, қырдың сәні — ақ Құрыш», — деп қалжыңдап қоямыз.

Әмір мен Серік ұстамдылау әрі ұяңдау. Салмақты әрі сабырлы. Оның есесіне Абат пен Құрышбектің еті тірі. Кез келген ортаны үйіріп әкетеді. Момақан деген адамның тілін шығарады. Күлмейді-ау деген адамның ішек-сілесін қатырады. Бір ағайынның үйінде отырғанда Абат айтты:

— Арнайы келіп қалдық қой. Бізге айтатын бұйымтай жоқ па?

— Жоға, о не дегенің? Неғылған бұйымтай ол? Балалар сабақты жақсы оқиды. Баласы тәуір оқитын кісінің оқытушыға күні түсуші ме еді?

Содан Ақтөбеге аттанып кеттік. Ертеңіне әлгі ағамыз есік қағып тұр. Түрден түр жоқ. Бала соңғы сынақтан оңбай құлаған. Оқуды биыл бітіре алмайтын түрі бар. «Ана Абатқа айтсайшы…». «Ой, аға, кеше сол Абат сонша шырылдағанда еріңізді бауырыңызға алып тулап, жолатпай қойдыңыз ғой. Енді не істейміз?». «Қайдан білейін, Абаттың аяқ астынан аса қажет болып қалатынын?». Содан ағамыз аттай желіп отырып Абатқа барады. Абат оған біз секілді кейістік білдірмепті. Мырс етіп бір күліпті де, қолынан келгенше көмектесіпті. Келесі сынаққа рұқсат алып беріпті. Ақыры, бала бітірді оқуды. Қазір қаладағы білдей бір мекеменің бастығы. Талай кіріп-шығып жүрген мекемесінің бірін сол баяғы жаңғалақтың басқаратынын Әбекең білмейді. Бала да оның жанынан ысқырып өте шығады. «Жасаған жақсылығыңды сол бойда ұмыт» деген қағидаға сүйенсек, бұл да дұрыс. Кейіпкеріміздің мұндай қайырымды істері жетіп артылады.

Қос ғасырдың тоғысында мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде мемлекеттік аттестациялық комиссияның төрағасы ретінде екі жыл қатарынан емтихан қабылдадым. Әсіресе, журналистика мамандығын алғаш игерген ақтөбелік түлектердің дипломына қол қойғанымды мақтан етемін. Себебі, солардың арасынан қазір елге танымал ақпарат өкілдері шықты. Бірқатары республикалық басылымдар мен телеарналарда қызмет істейді. Университет ректорына айтып, емтихан комиссиясына басшылық етуге шақырған Серік пен Абат еді. Бірі қазақ әдебиеті, екіншісі журналистика кафедраларының меңгерушісі ретінде осында келуіме, әріптестеріммен жақынырақ танысуыма жол ашты.

Алматыдан Орақ аға Әлиев, Оралдан Алпысбай аға Мұсаев Ақтөбеге келіп, бәріміз бірге бас қосқан күндер естен кетер ме?! Сол тұста Абаттың ұйымдастырушылық қабілеті жарқырай көрінеді. Ештеңені ұмытпайды, еш нәрсені мүлт жібермейді. Арасында қалжыңдауға да уақыт табады.

Мемлекеттік емтиханда күні бойы біргеміз. Абаттар кешке қонуға ғана үйіне кетеді. Ал Серік… Ақ көңіл Серік, ер Серік… қонақүйде жатқан бізбен әңгімесін қимай, осында қалып қояды. Арнайы матрац әкеліп, кереуетімнің іргесіне төсеп, жата кетеді. Ондайда Абат: «Ойбай, Секең мына жерден «подофис» ашып алыпты ғой», — деп күледі. «Бұл — «Секеңжатқан» топонимі», — дейді содан соң. Сол күндер енді қусаң қайтып келер ме?

Ертай ағамның өлеңі жүректі одан әрі тербейді: «Қар жауды тағы. Ақтөбелік қар. Жылы қар. О, жауыңыз, саулаңыз». Алпыс жыл бұрын Ойылда алғаш рет жүйткіген сол баяғы «рикшаның» ізі бүгінгі Ақтөбенің жылы қарының үстінде сайрап жатыр…

Ақтөбе газеті
№7,18 қаңтар 2019 жыл.

БІР ӨЗІ БІР САЛА, БІР САЛАДА ТАҒЫ ӨЗІ ДАРА

Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы
Қ.Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университеті
Президентінің кеңесшісі, филология ғылымының докторы,
профессор, Түркістан қ., Қазақстан

Әдебиеттанушы, фольклорист Абат Пангереев туралы сырды онымен арадағы болған диалогтан бастасам деймін.

– Абатжан өзіміз бірге барып тағзым еткен Абат байтақтың Алтын ордаға қатысы бар ма?

– Е, неге болмасын, ағатай-ау? Ол былай ғой.

Ол Ақтөбе өңірінде бүгінге сақталып жеткен көне жәдігерлік жайлы ойларын Жер-су табиғатына, тарихына қатыстыра сабақтап бастап, су жорғадай тайпалып жөнеледі... Қаншама рет телефонмен қазақ елінің батыс өңіріне қатысты осындай сұраулар беріп, айызым қана әңгімесін тыңдаймын.

...Соңымыздан ерген дарынды азаматты кім деп атарымды білмей дағдарып отырғаным. Әдебиетші ме? Тарихшы ма? Тілші ме? Географ па? Әлде өлкетанушы ма? Мен ғана емес, Абат Пангереевтің еңбектерін оқыған әрбір азамат әдепкіде осылай ойларына шүбәсізбін. Өйткені оның қарастырары әдеби топонимика, әйтпесе топонимикалық фольклор. Әдебиетті талдаған адам әдебиетші, әрине! Сүйсініп оқисың. Шығарманың бұрын әдебиетшілер назар аудармаған қыры. Сөйтіп отырғанда бүкіл қазақ жерінің тарихи тағдыры алдыңнан шыға келеді. Өзіміз бір кезде сүйсініп оқитын Лев Николаевич Гумилевше сілтейді сабазың. Гумилевті тектен-тек еске алып отырған жоқпын. Туған жер атауларына назар аудара отырып Алтын Ордаға

барады. Одан да әрмән жаяу-жалпы жүріп жер-судың тарихи атаулары ізімен ілгері кетіп барады. Бұрын тарихшылар назар аударmаған мәселе. Археологтар еңбегінде кездесетін деректі дәйек ретінде тастап-тастап жіберетінін қайтерсің?! Онымен де шектелмей қазақтың сол дәуірлердегі киген киімі, тұтынған бұйымы жайында ой толғап кетеді. Қолына күрек, шетка алып көр, қорық қазған археологтай. Этнограф па әлде? Әлде хазар ізіне түсетін музейтанушы Артамонов па бұл? Күмәнданып көңіліме күдік ұялаған сайын әрі қарай сұрақ туындай береді. Ономас па? Топонимист пе? Өзіме-өзім сұрақты қоя-қоя жауап таба алмай шатасып кетуге жақындағанда өзімді-өзім алдадым, өзімді-өзім бір сөзбен жұбаттым. Абат Пангереев соның бәрі! Асып айтып асылық жасап отырған жоқпыз ба? Жоқ. Олай болатыны Абат Пангереев көрнекті фольклорист. Фольклористика – синкретті ғылым. Онда қандай ғылымның қоспасы жоқ дейсіз?! Қандай жанр үлгісі қатыспайды десейші оған?! Фольклористика ғылымының арғы-бергі тарихын зер сала қарайтын ол осы ғылымның бүгінгі биігінде ойлап, соны методологиямен білекті сыбанып еңбек етіп келеді. Сонымен қатар фольклористика ғылымынан оңашалана былай шығып топонимика ғылымының ауылына ат басын бұрады. Тарихы әл-әзір егжей-тегжейлі тектелмеген топонимиканың генезисіне барып бірсыпыра байыптап алып өзі осы салада оңаша отау тігеді. Тақырып пен идеяны әңгімеге арқау еткен аға буын қазақ фольклористикасының бастаушылары, тігінен және көлбей зерттеу үлгілерін әкелген, сөйтіп типологиялық зерттеулер жасаған С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев бертінгі мектеп. Аталған азаматтардың екпіні басылмай тұрып ғылымға кешенді зерттеу үлгісімен келген бір жасаң буынға қызықпай қарау тіпті мүмкін емес-ті. Соның жуан ортасында Абат Пангерев келеді. Абат күні бүгінге дейін «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Әдебиеттануға кіріспе» (2018), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік негіздері» (2018), «Шекті Мөңке бидің ғибраттары» (1998), «Бернияз Күлеев поэтикасы» (2009), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014) «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) «Қазақтың топонимдік фольклоры» (2018) секілді ұзын-ырғасы жүз баспа табақ көлеміндегі ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектер берді. Бір сыбаға көңіл тоғайтады. Бәрекелді! Ол аз болса, ғылыми мақалалары ҚР БҒМ БҒСБК бекіткен басылымдарда, сондай-ақ Польша, Чехия, Румыния, Бразилия, Қытай, Ресей басылымдарында, халықаралық РИНЦ ақпараттық базасында және халықаралық Scopus, Thomson Reuters ақпараттық базасындағы басылымдарда жарық көріп келеді екен. Ғанибет! Бұл еңбектерінде табанды ғалым фольклор мен топонимиканың аралығында, тарих пен топонимиканың тоғысында толайым жаңалықты ойлар толғап, гипотезалар айтумен келеді. Қалай сүйсінбессің? Бұрын тіл ғылымында аз-аздап әңгіме арқауына айналған топонимиканы әдебиетке айналдырған, әдебиетте байырқаландырған Абат Пангереев жер-су атауларына байланысты ізденісін прототүрік дүниетанымына дейін ойша сапар шегіп, ойын Орхон-Енисей тас

жазуларындағы затты айғақтармен мықтап бекітеді. Тіпті «Орхон-Енисей руна жазулары» табиғатын алғаш ашып, оқыған Томсен, Малов ізімен жүріп те жер-су ұғымының ұлылығына ден қояды. «В.Томсен «Ер-Суб – это конгломерат» «духов земли и воды» деп діни танымдық тұрғыда қараса, С.Малов «Ер-Суб – абстрактные понятия о родине, местожительства», – деп анықтама береді. Көрсетілген бұл пікірлердің қай-қайсысы да дұрыс деп білеміз, өйткені түрік халықтарының жер-суға табынатыны да, исламға дейін жер-судың шамандық культ ретінде есептелетіндігін де жоққа шығаруға болмайды» – дейді ол. Сөйтіп Жер-су атауларының танымдық сипатын ашады. Расында да адам баласы ұлтына, нәсіліне қарамай жарық жалғанға келген бойда айнала дүние, бүкіл ғаламға қатынасын Жер-сумен қарым-қатынаста, соны тану арқылы бастамай ма?! Солай! Солай болатындықтан Абат ғалым топонимиканы фольклормен туыстыра талдап «топонимдік фольклор жанры» ұғымына келеді. Түйгені: «Топонимдік фольклор бұрын өз алдына жеке зерттеу объектісі болған жоқ». Дұрыс айтады. Өйткені бұрын тап солай аталған жанр үлгісі айқындалмаған. Оны айқындаған біздің пайымды зерттеушіміз Пангереев. Ал, бүгін топонимдік фольклор жеке жанр райында отау тікті, сала-салаға жіктеле зерттелді деп айта аламыз. Сүйенеріміз не сонда? Сүйенеріміз – көрнекті ғалым Абат Пангереевтің осы салада ұзақ жылдар жасаған еңбегі. Осыдан кейін Абат Пангереевті әдебиеттану ғылымындағы жаңа саланы қалыптастырушы, негіздеуші десек жөн емес пе? Солай! Абаттың бұл саладағы еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай сүбелі еңбек! Ол бүгін қазақ әдебиеттану ғылымының жетістігінен саналатын бұл биігіне қалай жетті?

Әрине, алдымен ұғымды анықтап, жанр табиғатын қалыптап алу керек. Ғалым солай етті. Ол: арғы-бергі жол-жөнекей айтылған осы бағыттағы ой-пікірлерді «Жер-су атаулары және ұлттық фольклор» аталатын үлкен ұғымға жинақтады. Бұл топонимиканы даралау үшін жасалған жинақтау. Одан әрі қарай жинақтауды бас-басына жүлгелеп даралай жөнеледі. «Жер-су атауларының ұлттық фольклормен байланысы» қаралады, Топонимдік фольклор жанрлық табиғаты айқындалады. Оның жеке жанр ретінде қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Қоғамдағы орны, орындалу қызметі, мифтік мотивтері, тарихи негіздері тәптіштеледі. Міне, енді тырп етіп көріңіз. Абат Пангереев әдеби топонимиканы фольклормен қоңсы қондырып, айырым ерекшеліктерін анықтап, жанрлық мүсінін қалыптап «топонимикалық фольклор» атап, осылай дербес алып шығады. Алдына қойғаны үлкен міндет. Үлкен міндет үлкен өреде өз шешімін тапты. Жаңа жанр қалыптасты. Ғалым жеңісі! Алайда, мәселе мұнымен бітпесі тағы белгілі. Өзі теориялық тұрғыдан қалыптаған жанрдың енді келіп табиғатын (поэтикасын) ашу керек емес пе? Ғалым да бір жиһанкез. Әдеби топонимист ғалым ойша Жер-суға байланысты аңыздарды аралап, Жер-суға байланысты аңыздардың тарихи төркінін іздеп сабылды. Жер-суға байланысты әпсаналарға үңілді. Жер-суға байланысты хикаяттар, әңгімелерді тапты. Сюжеттік құрылымына қарай осындай атауды берген тағы да Абат батыр.

Әрине, жанр шартты. Шартты да болса әр тарапты, әр алуан табиғатты белгілі бір жанрға жинақтай талдау керек еді. Абат та сөйтті. Жер-суға байланысты бабалар тудырған әңгіме, тіпті хикаяттарды жүйелей талдады. Бір халықтың дүниетанымы тұрғысынан ғана қарап қоя салмады. Олай ету тараңыту болып шыға келер еді. Олай ету абыройлы іс бастаған азаматтың әп сәтте абыройсыздыққа ұшырауына айналып шыға келер еді. Өз басымыз Алтайды (Таулы Алтай) аралағанда Жер-су атауларының «қазақша» екенін көріп таң-тамаша қалған жайымыз бар. Демек, ол Алтайдың арғы бетіндегі Жер-су атаулары әрі салғанда прототүрктік, бері салғанда бір тамырдан тараған алтай ұлтының атаулары ғой. Мұндай сәт Абаттай азамат зерттеуші басында болмады дейсіз бе? Болады. Олай болса қазақ топонимі атап отырған топонимдік фольклордың ішкі жанрларын «Әлем халықтарының жер-суға байланысты әпсаналары...» – дегендей жалпы түркологиялық аспектіде қарастыруға міндеттісіз. Абат Пангереев солай етті. Оның қаламынан туған бұл саладағы еңбектері бір қазақтың ғана емес, тұтас түріктің түркологиялық табысы!

Топонимика – ғылымның әр саласына кіріге кететін, қай салаға барып кіріксе сол салада өз алдына оқшырайып оқшау отау тігіп тіршілік етіп кете баратын үлкен мүмкіндікке ие. Топонимиканы атауына қарай іздей бастасаң лингвистикаға, аталуына қарай жүйелесең тарих ауылына, орналасу жағдайына ой жүгіртсең географияға тартып жүре береді. Ал, Абат әдебиетші топонимист. Олай болса өзі тарихын қазып анықтап алған Жер-су топонимін әдеби аспектіде қарауға тиісті. Бірсыпыра еңбектерінде ғалым Жер-су атауларының қазақ эпосы, тарихи жыр және тарихи өлеңдерде, қаһармандық эпостарда, шығыстық сюжетке құрылған ғашықтық дастандарда, романдық эпостарда, тарихи жырларда қалай, қандай жағдайда кездесетінін анықтайды. Соншама жанрлық үлгіден соншама топонимді іздеп табу ол да оңай емес.

Алайда бірыңғай терімшілік әдебиет пәнінің объектісі емес. Табиғатын үңілмей бірыңғай терімшілік жасау әдебиетші ісі емес. Әдебиет объектісі сол топонимдердің шығарма ажарын ашуға септесетін поэтикалық күш-қуатын анықтауда. «Жер-су атауларының эпос қаһарманының тарихи тұлғасын анықтаудағы қызметі», «Тарихи өлеңдердегі жер-су атауларының шындыққа қатысы», «Жер-су атауларының халық прозасы жанрларында қолданысы» ... міне, әдеби топонимист Абат ойының байтақтанар жері.

Міндет түрлі ғылым салаларының топонимикамен байланыс-бірлігін ашу болып табылады – дейді ғалым. Соны ашады. Қалай ашады? «Топонимдік атаулар фольклор сюжеттерінің құрамында танымдық, мағлұматтық, образдық сипатқа барынша ие, себебі олар ежелден қалыптасқан халық танымының, қоршаған ортаға берген бағасының, ой зердесінің, поэтикалық тілінің көрінісі». Міне, осылай ашады! Не үшін ашады? «...фольклор мен топонимика, ұлттық рухани дүниемізді таныту жолында елеулі қызмет етіп, халқымыздың өркениет көшіндегі беделін бүкіл әлем алдында таныта алады». «Сонымен бірге топонимдік фольклор утилитарлық та қызмет

атқарады. Оның танымдық мәнімен бірге эстетикалық, мағлұматтық, қоғамдық қызметтері өмірлік қажеттіліктер болып табылады. Сайын далада бағыттан таймай жүріп-тұру үшін де жер-су атауларының ролі қандай екендігі белгілі. Осыдан топонимдік фольклордың қолданбалылық сипаты да көрінеді». «...Фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшелігінен туындайтын құбылыс».

Топонимист ғалымның сұраққа қарай бірсыпыра ой жосығы міне, осындай! Сол үшін де ашады. ...Алған білімі, жасаған ғылымын жоғары бағалап, кісілік болмысына сүйсінумен келе жатқан Абат Пангереев ұдайы іздеп отырар рухани жан туыс інімнің бірі. Батыс өңіріне арнайы келіп Абат байтақ, Қобыланды батыр, Әбілхайыр хан ізімен жүріп қаншама сырға кенелдім. Жылда бір тамыры бір туыс түрік жұртына ғылыми сапар шегерде Абат інімнің әдеби өлкетану, топонимика саласында жасаған, жазған еңбектерін қолтығыма қыса шығамын. Бір қазақ топонимімен шектелмей, қандай тақырыпты да түрік халықтарына ортақ сипатта ой өрбітіп түркологиялық аспектіде жүргізген зерттеулерін оқып жан рахатына бөленемін. Түріктік ортақ тамырларға ойша саяхат жасаймын. Оның кең тыныстысы зерттеу еңбектерінен шабыт алып өзімнің де жүрген-тұрған бауырлас елдерде тапқанынан жоғалтқаны көп – қазақтың, біріккенінен гөрі ажырап ауа жайылып тіршілік етіп теперіш көріп келе жатқан түрік ұлт, ұлыстарының сан ғасырлық тарих соқпа-соқпасында жоғалтқанын жан ауырта іздеймін.

– Биыл жаз Сарайшық, Бату Сарай, Қажы Тархан асып Алтын Орда Өркениетінен із кессек... Қалай қарайсың, Абатжан?

Телефонда оны ғылыми сапарға шақырамын.

– Екі жыл бұрын Ақтөбе өңірін араладық. Былтыр Орынбор облысын шарладық. Енді, кезек Алтын Ордаға келген-ақ шығар... Мен дайын.

...Ізімізден ілескен іні еңбегіне сүйсінген басым оны алдағы жылы Алтын Орда өркениеті ізімен жүріп өтер ғылыми экспедицияға шақырып отырмын. Бәлкім Сарайшық, Бату Сарай, Қажы Тархан.. Алтын Орда астаналары, бас қалалары! «Жүз он қаласы болған» (Б.Кенжебайұлы), «Мыңдаған шаһарлары болған» (Массон), «дүниедегі ең өркениетті ел» (Ибн Батута) – Алтын Орда өркениетінің ізін табармыз. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» аталатын рухани кемел еңбектері бізді ғана емес, баршамызды өлгенімізді тірілту, жоғалтқанымызды табуға міндеттеп отыр емес пе?! Соның баршасы да көрнекті ғалым, қанаттас іні Абат Пангереевтің әдебиетте орнықтырған Жер-су топонимі арқылы ғана жүзеге аспақ. Өйткені, ол бір өзі бір сала, бір салада тағы өзі дара!

«Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»: филология ғылымдардың докторы, профессор А.Ш.Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе:«Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. – 274 б.

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ТІЛДІК-ЖАНРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ПАНГЕРЕЕВ ПАЙЫМДАРЫ

Жантас Жақыпов
филология ғылымының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, профессор
Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Баяндама «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу» тақырыбындағы гранттық ғылыми жоба аясында жазылған.
Қазақ лингвофольклортануы пәнаралық ғылыми сала ретінде қалыптасып келеді. Соның бір бағыты – қазақ фольклорлық жанрларының тілдік сипаттарын зерттеу. Ауыз әдебиетін жанрларға жіктеуде фольклордың өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, негізінен, әдебиеттанулық межелеуіштер тірек етіледі. Жанрлардың тілдік ерекшеліктері, атап айтқанда, лексикасы, грамматикасы, стилистикасы, мәтінтүзімі бұл мәселеде назардан тыс қалып отыр. Профессор А.Ш.Пангереев зерттеулерінде әдебиеттанулық негіз бағдар болғанмен, тілтанулық айғақтар нысан етіледі. Ғалым топонимдік фольклорды зерттегенде лингвофольклортанулық талдауларды алға тарта отырып, фольклортанулық өріске шығады. Топонимдік материалды мол қамтып пәнаралық түйіндер жасайды.
Тірек сөздер: лингвофольклортану, жанр, ішкі жанр, топоним, этимология, халықтық этимология.

Аннотация. Доклад подготовлен в рамках грантового научного проекта «Языково-жанровое исследование казахского фольклора».
Казахская лингвофольклористика становится как междисциплинарная научная отрасль. Одним из направлений лингвофольклористики является изучение языковых особенностей казахских фольклорных жанров. При жанровой классификации устного народного творчества, учитывая своеобразные особенности фольклора, в основном, опираются на литературоведческие критерии. При этом языковые особенности жанров, а именно, лексические, грамматические, стилистические, текстообразующие особенности, остаются вне поле зрения. Исследования А.Ш.Пангереева, хотя в основном ориентируются на литературоведческие основы, объектом анализа является лингвистические факты. При исследовании топонимического фольклора ученый, выдвигая лингвофольклористическую аналитику, выходит в область фольклорных исследовании. Охватывая большой объем топонимических материалов, он делает междисциплинарные научные выводы.
Ключевые слова: лингвофольклористика, жанр, поджанр, топоним, этимология, народная этимология.
Abstract. The report was prepared within the framework of the grant research project “The study of Kazakh folklore from the genre-language position”.

Kazakh linguo-folkloristics becomes as an interdisciplinary scientific branch. One of the areas of linguo-folkloristics is regarded the study of the language features of the Kazakh folklore genres. In the genre classification of oral folk art, taking into account the peculiar features of folklore, they mainly rely on literary criteria. At the same time, the language features of the genres, namely, lexical, grammatical, stylistic, text-forming features remain out of sight. A.Sh. Pangereyev's researches although mainly oriented to the literary basis, but the object of analysis is considered linguistic facts. In the study of toponymic folklore, a scientist, putting forward linguo-folkloric analytics, enters the field of folklore research. Covering a large amount of toponymic materials, interdisciplinary scientific conclusions are made.
Key words: linguo-folkloristics, genre, subgenre, toponym, etymology, folk etymology.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ тіл білімі кафедрасы «Қазақ лингвофольклортануы (эпос материалындағы зерттеу)» тақырыбында ғылыми жобаны іске асырды. Осы Жобамен жұмыс істеу барысында фольклорды зерттеудің лингвистикалық ыңғайлары белгіленді. Қазақ лингвофольклортануы жеке ғылыми пән ретінде ғылыми айналымға енгізілді. Қазақ батырлық жырларының негізінде фольклорлық мәтіндердің интралингвистикалық, паралингвистикалық парадигмалары талданды, фольклорлық шығармалар мәтінтану тұрғысынан зерттелді [1]. Алайда бұл зерттеу эпос жанрына ғана негізделді. Ендігі кезекте қазақ лингвофольклортануының бір міндеті қазақ фольклорын тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеу міндеті тұр. Қай ұлттың болсын фольклорлық жанрлары жіктеудің әмбебап межелеуіштерінің белгіленбегені байқалады. Жалпы филологияда жанрды айқындау, негізінен, әдебиеттану тұрғысынан қаралады. Ал фольклорлық жанрлардың тілдік белгілері назардан тыс қалған. Европа ғылымының осы ғасырдағы ғылыми әдебиеттерінен іздегенімізде фольклор жанрларының тілге қатысы түгілі, лингвофольлортанулық зерттеуге айрықша назар да аударыла қоймайтынын ғаламтордан іздестіру жолымен байқадық .

Орыс филологиясында жанрды әдеби тектің өмір сүру формасы [2, 26], болмысты бейнелу тәсілі [3, 33-34] ретінде қарау бар. Орыс филологиясындағы тұрғылардың жалпы сипаты мынадай. Фольклордың да көркем туындылар жүйесі екенін ескерсек, әдебиеттануда бұл ұғым поэтикалық жүйенің жиынтығымен анықталады. Мұны фольклор саласына да қолдануға болады. Кең мағынасында алғанда, жанр өзінің поэтикалық жүйесінің ортақтығымен біріккен ескерткіштердің жиынтығы я қатары ретінде белгілене алады. Фольклор сөз өнері туындыларынан тұратындықтан, алдымен шығармашылықтың осы түрінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, оның поэтикасын зерттеу қажет. Ал поэтика деп көркемдік мақсатты эмоциямен және оймен бейнелейтін амалдардың жиынтығын ұғамыз [4, 36]. Мұнан фольклордың өмір сүру формасы, болмысты бейнелу тәсілі,

поэтикасы тілдік таңба арқылы жүзеге асатындықтан, оны тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеудің мәні зор деген қорытындыға келуге болады.
Фольклорлық жанрлар жүйесі қазақ филологиясында да елеулі шамада зерттелді (Бұл жерде қазақ әдебиет теориясындағы пайымдарға тоқталу артық болатындықтан, тек фольклортану аясындағы жанр мәселесінің түйінді-түйінді тұстарына тоқталған жөн). А.Байтұрсынұлы ауыз әдебиетін «жұмсалатын орнына» қарай сауықтама және сарындама деп жіктеп (1926 жылы), мұны тарауларға, тарауларды тармақтарға, тармақтарды бұтақтарға бөлгені белгілі [5, 232-261]. Х.Досмұхамедұлы ауыз әдебиетінің түрлерін жіктеуді мақсат еткен «Қазақ халық әдебиеті» (1928 жыл) очеркі қазақ фольклорының жанрларын біршама түгендеген еңбек болды. Кейінгі кезге дейін елеусіз қалып келе жатқан этнографиялық аядағы шағын жанрларды, тіпті, фразеологизмдерді Х.Досмұхамедұлы фольклор жанрларының жүйесіне енгізген [6].

Қазақстанда фольклор жанры дейтін ұғымға теориялық тұрғыдан келген ғалым Б.Уахатов болды. Оның анықтауынша: «Жанр – белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын және соған лайықты мазмұны бар, әбден қалыптасқан көркемдік форма» [7, 75]. Фольклор жанрларының теориясын қазақ филологиясында жүйелеген ғалым С.А.Қасқабасов болды. Ғалымның: «...фольклор жанрларын зеттегенде екі нәрсе қатар ескерілуі қажет. Ол: а) фольклордың сөз өнері ретінде әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтататын ерекшеліктер» [8, 23] – деген тұжырымы оны тілдік-жанрлық тұрғыдан зерттеуге әдістанулық ыңғай болуға лайық. Өйткені «фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұрады» [8, 25]. Сонда, С.Қасқабасовтың пікірінше: «Жанр дегеніміз – оқиғаны, сюжеттік материалды белгілі бір мақсатпен тұтас мазмұнды, идеялы шығармаға айналдырудың әдісі, жолы, құралы» [8, 28]. Ғалымның осы зерттеуінде жанрлардың мәтініндегі тілдік ерекшеліктерге аз да болса тоқталатын тұстары бар. Алайда, халық прозасын арнайы нысан еткендіктен болар, ол жанр санатына сюжетті тірек ететіні байқалады. Көріп отырғанымыздай жанрларды айқындауда тілдік факторларға тиісінше назар аударылмайды.

Қазақстандық тілтанушылардың осыған байланысты еңбектері де бар. Бұл мәселеге іргелі зерттеу жасаған – профессор Е.Қ.Жұбанов. Оның еңбектерінде эпос тілін зерттеудің интралингвистикалық аспектілері толық қамтылады: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының тілдік ерекшеліктері; эпикалық жырлардың тілдік-көркемдік ерешеліктері; ауыз әдебиетінің тілі мен қазақ әдеби тілінің қатынасы; ауызша сөздің диалектіден үстем формалары, «Ауызекі поэзия тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері» қарастырылады, ал паралингвистикалық, экстралингвистикалық аспектілерді қарастыруды, тіл мен жанрдың байланысын ашуды ғалым мақсат етпеген [9]. Көріп отырғанымыздай, бұл еңбектерде фольклор жанрларының бір түрі

тілдік айғақтар табылатын мәтін ретінде нысанға алынады да әр ғалым әр түрлі тұрғыда зерттейді.

Профессор А.Ш.Пангереев топонимикалық фольклорды арнайы жанрлық нысан ету үшін топонимика ғылымының лингвистика «белгілеп берген шеңберден шығып, басқа ғылымдармен өрелесе, салаласа дамып, ұлттық дәстүр мен ұлттық эстетикалық ойлау мүмкіндіктерін мейлінше кең таныта алатын поэтикалық жүйеге айналып келе жатқанын» уәж етеді [10, 27]. Алайда, топонимдік фольклорды бұрын анықталған аңыз, әпсана, хикаят, әңгіме сияқты жанрлардың еншісіне енгізеді. Сонымен қоса, қаһармандық эпостағы, романдық эпостағы, тарихи эпос пен өлеңдердегі, мифологиядағы жер-су атауларының қолданысын да топонимдік фольклор аясында, нақтырақ айтқанда, топонимдік фольклордың басқа жанрлармен байланысы ретінде қарастырады. «Қандай да болмасын ғылымда белгілі бір жанрды жіктеп тану, теориялық қисынын жасау, мақсат, міндеттерін белгілеу оңай еместігі, ол үшін ортақ негізді табу керек екендігі белгілі. Біздің зерттеуіміздегі ол негіз – фольклордағы жер-су атаулары» [10, 26]. Демек, ғалымның бұл жанрды тілтанулық негізге сүйене отырып белгілейтіні көрініп тұр.

Профессор А.Ш.Пангереев жер-су атауларының мағынасының фольклорға қатыстылығын мынадай айғақтар арқылы бағамдайды:

1. Жер-су – дүниежүзілік ғаламды (жоғары – төңір, төмен – ұмай, орта – адам) біріктіруші ұғым.
2. Жер-су жоғары мен төменнің қосындысы, туындысы ретінде табынатын тәңірлік мәнге ие, бірақ тәңір емес, адамзат өмір сүретін әлем, кеңістік бөлігі.
3. Жер-су кіндік кесіп, кір жуған туған жер, атамекен, отан ұғымының байырғы атауы.
4. Жер-су – табиғаттың өзі, яғни географиялық объектілер.
5. Жер-су – ықылым заманнан бергі уақыт пен кеңістік шегінде адамзат қалдырып отырған өмір таңбалары, топонимдер арқылы фольклор сюжеттерінен танылатын тарихи таным куәсі.
6. Жер-су – фольклор шығармаларындағы әлем туралы, кеңістік туралы ойлар мен көзқарастардың таңба, символдық мән түріндегі жиынтық бейнесі.
7. Жер-су – фольклор сюжеттерінде мотив тудырушы дәнекер, немесе кей жағдайда сюжеттік негіз [10, 24].

Бұл пайымдарды парықтау үшін танымдық тіл білімі саласынан кейбір аңдатпалар келтіруге тура келеді.

Қазақ лингвофольклортануында жанрлар бойынша зерттеу жүргізуде қажетті бір әрекет ауыз әдебиетінің мәтіндерінің когнитивтік қырларын анықтау болып отыр. Когнитологияның басты санаты – концептосфера. Бұл терминді айналымға енгізген – орыс академигі Д.С.Лихачев. Оның анықтауынша, бұл – ұлттың концептілерінің жиынтығы, тіл иесінің концептілерінің мүмкіндіктерін түгел қамтиды. Халықтың концептосферасы тілдегі сөздердің мағыналарын беретін семантикалық сферадан кеңірек ауқымды қамтиды. Ұлттың мәдениеті, фольклоры, әдебиеті, ғылымы, өнері, тарихи тәжірибесі, діні неғұрлым бай болса, халықтың концептосферасы да соғұрлым бай

болады[11, 5]. Ал З.Д.Попова мен И.А.Стернин: «Концептосфера – бұл халықтың концептілерінің ретке түскен жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы», – деген анықтама береді [12, 26].

Ал концептілер туралы ақтөбелік ғалым Н.Ә.Сәдуақас жақсы түсіндірген екен. Оның мазмұндауынша: «Адамзат барлық рухани мәдени құндылықтар мен материалдық дүниені білдіретін тілдік модельдерді концепт ретінде таниды деуге болады. Әр ұлт өкілініц өзіндік таным, когнитивті түсінігі, сана-сезімі, бүкіл мәдени болмыс-бітімі, өзіндік менталитеті тіл арқылы танылады. Міне, осы қасиет бірде мәдениетганудыц, бірде когнитивті лингвистиканың санаты (авторда – категория. – Ж.Ж.) ретінде танылып, концепт термині арқылы түсіндіріліп жүр. Концепт ақиқат дүниені когнитивті тұрғыда танып, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Концепт – адамның білімі мен дүниетанымының, ментальділіктің тіл арқылы көрінісі, ұлттық ұғым, ұлттық түсінік, ұлттық дүниетанымның бірлігін қажет ететін, бір бүтін ұғым түрінде кіші ұғымдарға бөлшектене алатын, сол бөлшектердің қайта бірігіп, ірі бүтін ұғымға айналуға қабілетгі бірлік.

Скрипт арқылы санадағы бүтін концептіні (мәтінді) модельдеуге болады. Скрипт – мәтінді тануда басқа бір оқиғаларды ой елегінен өткізіп, одан концептінің бір қырын танытатын фрагменттерді автоматты түрде салыстырып, не ұқсатып ойша табуға деген ептілік. Скрипт (ойбейне, ойсурет) – әр ұлт өкілінің әлем шындығын тануы үшін қалыптасқан заттар мен құбылыстар жайлы ұғым, санада бейне, символ, метафора, яғни суреттеу тәсілі арқылы танылатын концепт түрі. Ойсуретті адам санасындағы заттың өзіне тән ерекше бейнесінің табиғи тұрғыдан қабылдағаннан гөрі, ішкі көзқараспен өз үйлесімін тапқан бейненің ізі деп қабылдаған жөн. Егер санада фантазиялау таланты басым болса, ойсурет құрылымын таныту да жоғары болады [13]. Енді бұған қосарымыз – концепт қалыптастырудың қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінен оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтауға болады. Осыдан келіп сценарийлер, даму мен қозғалыстан тұратын бірнеше оқиғалардың (эпизодтардың) тізбегі, уақыт пен кеңістікте таралатын кезеңдер мен оқиғалар ауысымының көріністері, аса күрделі бөлінбейтін бөлшектер шығады.

Енді профессор А.Пангереевтің топонимдік фольклорға тірек болар жер-су атттарының мәнін санамалап белгілеген тармақтарына оралсақ, бұлардың топонимдік фольклордағы концептосфераның аясындағы концептілер екеніне көз жеткіземіз. Аталмыш белгілерде фрейм де, ой бейне де (скрипт), сценарийлер де бар. Мұны зерттеп отырған монографиямыздан молынан табуға болады (Көлем шектеулігіне байланысты «Мәні әулие» аңызы туралы [10,154-159], «Құланөтпес» туралы [10, 176-179] аңыздар т.б. талданған тұстарға сілтеме жасаумен қанағаттанамыз). Мұнан шығар қорытынды сол, профессор А.Ш.Пангереев фольклорды когнитивтік тілтану тұрғысынан да пайымдаған.

Профессор Пангереевтің халықтық этимологияға деген көзқарасы [10, 41] лингвофольклортанудың зерттеу межелеуіштеріне сай келіп тұр. Лингвофольклортанудың фольклортанудан басты ерекшелігі сол, фольклортануда әдеби негіз бастау тірек болса, лингвофольклортануда тілдік айғақ бастау тірек етіледі де, фольклорлық мән-мағына, мазмұн айқындалады. Осы тұрғыдан келгенде, А.Пангереевтің пайымдауы топонимдік аңыздың халықтық этимологиямен астасып кететінін байқатады. Ғалым былай деп жазады: «... өткен тарихты тарқатып, танытатын, ... жер-судың қойылқ сырын анықтайтын аңыздар көптеп саналады. ... бұл аңыздардың бәрінде дерлік тарихты баяндаудан гөрі жер-судың атын анықтау басымырақ орын алады» [10, 154].

Қазақ лингвофольклортануының бір тармағы болып саналатын «Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеудегі» бір міндет – ауыз әдебиеті шығармаларын көркем мәтін ретінде лингвистикалық талдау. А.Ш.Пагеррев пайымдары мен талдауларында мәтіннің денотативті кеңістігі, ондағы макрожағдаяттар, макрожағдаяттардағы тұрғылар (макропозициялар) төңірегіндегі, көркем-әдеби кеңістіктің, динамикалық кеңістіктің, көркем-әдеби уақыт, мәтіннің эмотивті (жағымды, жағымсыз) кеңістігі төңірегіндегі сипаттамаларды да молынан табуға болады. Бұл – арнайы тоқталатын тақырып.

Қорыта келгенде мынадай түйіндер жасауға болады:

– қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеуде топонимдік фольклортану материалдарын молынан пайдалануға болады;

– топонимдік фольклорға тірек болатын – жер-су аттары, яғни тілдік айғақтар;

– профессор А.Ш.Пангереев зерттеулерінің көлемді бір бағытын лингвофольклортанулық бағыт деп санауға болады;

– профессор А.Ш.Пангереев фольклор арқылы жер-су аттарын когнитивтік тұрғыдан зерттеуге, концептосферасын бағамдауға жол ашып отыр;

– профессор А.Ш.Пангереев өз зерттеулері арқылы халық этимологиясын ғылыми емес дүние дейтін кінәраттаудан арашалап, оның ғылымдағы орнын айқындады;

– фольклорды зерттеуде тілтанудың алар орны ерекше.

Әдебиеттер

1. Қазақ лингвофольклортануы. Ұжымдық монография. – Астана: ЕҰУ, 2017.
2. Утехин Н.П. Жанры эпической прозы. – Ленинград: Наука, 1982.
3. Кравцов Н.И., Лазутин С.Г. Русское устное народное творчество. – Москва: «Высшая школа», 1977.
4. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Издательство «Наука», 1976.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. // Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 137-298.

6. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы : Ана тілі, 1991.
7. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: «Ғылым», 1974.
8. Қасқабасов С. Шығармалары. Т.1. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2011.
9. Жұбанов Е. Қазақ ауыз әдебиеті және әдеби тіл» // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары (Мақалалар жинағы). – Алматы, 1981 – Б. 145-157; Ауызекі поэзия тілін зерттеудің лингвистикалық аспектілері. // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1977, № 4. – Б. 61-68; Эпос тілінің өрнектері. – Алматы,1978.
10. Пангерев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: Типография «NOBEL», 2014.
11. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Изв. РАН - СЛЯ – 1993, № 1.
12. Попова З.Д, Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. Учебное издание. – Москва: АСТ: «Восток-Запад», 2007.
13. Сәдуақас Н.Ә. Когнитологиядағы концепт ұғымы туралы // https://library.wksu.kz

«Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»: филология ғылымдардың докторы, профессор А.Ш.Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе:«Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. – 274 б.

АТАМЕКЕН АТАУЫН АРДАҚТАУШЫ

Әлбеков Тоқтар Кесімұлы
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
«Қолжазба және текстология» ғылыми-инновациялық
бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты
Алматы қ., Қазақстан

Кеңестік кезеңде де, одан кейінгі тәуелсіздік жылдарында да еліміздің әдебиеттану ғылымын, әсіресе әдеби құндылықтардың тамырын терең зерделеп, оның ұлттық сипатын, көркемдік табиғатын жан-жақты айқындап, жас ұрпақтың санасына сіңіруге атсалысқан дарынды ғалымдар аз болмады. Халық мұраларының хатқа түсірілуі XIX ғасырдың аяғынан бері ғана бастау алып, біртіндеп қарқын алып, кеңестік дәуірде қалыптасып, ғылыми негізде жинақталып, жүйеге келтіріліп, текстологиялық сараптаулардан өтіп, мүмкіндігінше жарияланып, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясы сияқты бірегей басылымдарымен әлемге танылуы да – әр дәуірде өмір сүріп, ғылымда өзіндік өрнектерін қалдырып, соңдарында өнеге-үлгі қалдырып, біртұтас дәстүр қалыптастырып, дамытқан бірнеше буын ғалымдардың еселі еңбегінің нәтижесі. Олардың әрқайсысы өздеріне тиіселі ауыр кезеңдерден

өтіп, ғылымның ауыр жүгін көтерді, жастарға сенім артып, бірегей ғылыми орта, дәстүр, ұлттық мектеп қалыптастырды. Бұл үрдістің бастауында А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Х.Досмұхамедұлы сынды ұлт жанашырлары тұрса, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев сияқты тұлғалы ғалымдар араға алтын арқау болды. Ал Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, Б.Адамбаев, М.Жармұхамедұлы, Ш.Ыбыраев, Б.Абылқасымов т.б. көрнекті фольклортанушылар халық әдебиетін жаңа XXI ғасырдың көк жиегіндегі тәуілсіз елдің ұлттық құндылығы ретіндегі маңызын айқындап берді. Қазіргі кезеңде осы мектептен қанаттанған К.Матыжанов, Т.Қоңыратбаев, Б.Рақым, Ш.Керім, С.Сәкенов сынды ондаған ғалымдар кейінгі буын өкілдерінің санының да, сапасын да толықтырып отыр. Солардың бірі – біз төменде сөз еткелі отырған белгілі фольклортанушы, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереев.

Әдетте, ғылым адамының басты қасиеттері, әсіресе ой-санасы, ішкі өресі, мақсатшылдық ұстанымдары, адами қарым-білігі, дарын-қабілеті ата-ананың қанмен, балаң өмірдің аңсар-арманымен келетін болса, ал мамандық алып, алдына мақсат қойып, ғылымның сүрлеуіне түскен жастың жеке шұғылданып жүрген саласын толық меңгеруіне тек өзіне тән табандылығы, ізденгіштігі, мамандығына деген адалдығы, ең негізгісі, еселі еңбегі қажет болады. Шынайы ғалымға қатысты бұл қасиеттердің бәрі де Абат Шамұлының бір бойынан табылады. Ол ең алдымен, ұлы бабалардың киелі қоныстарының бірі Ойыл өңірінде туып, атақты Әжібай биді, Алтай, Аралбай батырларды, дарабоз-арулар Ботагөзді, Байке мен Бикені жаратқан шұрайлы жердің топырағынан нәр алды. Күрескер ақын Шернияз Жарылғасұлы, ақ тарының атасы аталған Шығанақ Берсиев туып-өскен қасиеті өңірдің ауасын жұтып, Нұрсұлу Тапалова, Ишанбай Қарақұлов, Әнуар Дербісәлин, Рабиға Сыздық сынды өрелі өнерпаздар мен көрнекті ғылым қайраткерлерін қанаттандырған қарапайым да қастерлі елдің аялы алақанының жылуын сезіп өсті. Екіншіден, ана сүтімен дарыған еңбекқорлық, жауапкершілік, сергектік, талапқорлық секілді қабілет-қасиеттері оның ғылым жолына бет бұруына, талмай ізденуіне, ұзақ жылдар бойы біліктілігін жетілдіріп, қалыптасып, елімізге танымал фольклортанушы ғалым болуына себептігін тигізді.

Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтап, алғашқы қызметін ұстаздықтан бастағысы келген жас маман 1985 жылы Ақтөбе облыстық мектеп-интернатының есігін ашқан еді. Арада бірер жыл өткенде ұстаздыққа да, өтіп жатқан тынымсыз тіршіліке де көндігіп, ысыла бастаған мұғалім жігіт өзін ғылым саласында сынағысы келді. Сөйтіп, Ақтөбе педагогикалық институтының «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен методикасы» кафедрасына оқытушы қызметке ауысты. Осында жүріп алдымен филология мамандығына, кейін осы сала бойынша факультеттің ашылуына белсене араласып, өзі алғашқы декандардың бірі болды. Бірақ ғылымнан да қол үзбей жүріп атақты профессор М.Мырзахметовтың

жетекшілігімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Осы алғашқы жылдардан бастап Абат Шамұлының ой-санасын туған жердің, Алтайдан қарт Каспиге дейін созылып жатқан ұлы даланың әрбір ойы мен жазығы, сай-саласы, тау-қыраты, өзен-көлі, тіпті тасы да қызықтырды. Соның әсерінен студенттермен бірге ел аралады, ғылыми іссапарларға барып, түрлі экспедицияларға қатысып жүріп мекендік (топонимдік) фольклордың үлгілерін жинады. Оларды ғылыми жүйеге түсіріп, алғашқы еңбектерін жариялап та үлгірген зерттеушіні сырттай бақылып жүрген академик С.Қасқабасов ақыл-кеңесін айтып, бұл тақырыптың іргелі зерттеуге айналуына бағыт-бағдарлар берді. Нәтижесінде «Қазақтың тапонимдік фольклоры» атауы таңдалып, ұзақ жылдар бойғы ізденістердің арқасында еңбек 2010 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының диссертациялық кеңесінде сәтті қорғалды.

Мәселен, бір ғана мекендік аңыздар (әпсаналар, хикаяттар, әңгімелер) белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың аталу себебі, сол жерлердегі оқиғалардың сол атауларға байланысын баяндайтын халық әңгімелері болғанымен, олар қазақтың ауызша тарихында айырықша орын алады. Себебі әрбір тау мен тастың атауы тегін қойылмаған, олардың жеке-жеке деректік аңызы бар. Олардың ұлт тарихын қалыптасырудағы маңызы өте зор. Академик С.Қасқабасов: «Топонимдік деп біліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал тарихи деп жүрген аңыздарда топонимикалық мотив кездеседі. Аңыз жанрындағы шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимдік сипатта болуы мүмкін. Сондықтан «топонимдік аңыз» деген атауды шартты түрде ғана алу керек те, оған белгілі бір жерге, мекенге байланысты оқиғаны баяндайтын әңгімелерді жатқызу қажет. Екінішші сөзбен айтқанда, топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен, немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [1,125], – деп алғаш рет мекендік аңыздардың халық прозасындағы рөлін, ғылыми сипатын ашып берді. Жаңа XXI ғасырдың басында ауызша тарихқа айырықша ден қойған профессор А.Сейдімбек топонимдік аңыздардың тарих сілемдеріндегі деректіліктің маңызы, тарихи шынайылығы жөніндегі толғанысын былайша білдіреді: «Туған жер төсіндегі алыс замандардан бері қарай тартылған ұрпақтар сабақтастығы, олардың дүние дидарына қандай талғаммен қарай білгені, табиғат сұлулығының алуан қырын қалай танып сүйсінгендігі географиялық атауларда тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Көне түркі жазуы қашалған Орхон ескерткішіндегі (VIII ғасыр) Ертіс, Селенгі, Қарақұм, Бұқар, Қаракөл, Көміртау сияқты жер-су атаулары бүгінгі күнімізге еш өзгерместен жетіп отыр. Сонау V-VIII ғасырдан жып-шырғасы шықпастан тозбай жеткен дәл осындай «ескеркішті» кезіктіре қою оңай болмас. Міне, топоним атаулының мән-маңызы осы тұрғыда назар аудартады» [2,73-74].

Мекендік аңыздармен терең таныса отырып, олардың кейбір үлгілерінде жер-су атауларының шығу тегі белгілі шынайы оқиғаларға, тарихта танымал болған тұлғаларға орайластыра баяндалатынын аңғару қиын емес. Мысалы, Абат Шамұлы жинаған «Кілемжайған» атты аңызда Кенесары хан әскерлерінің Кіші жүз аумағына шегінгенінде атақты Жанқожаның қарындасына үйленеді. Кейін өзге әйелдерінің күндестігінен әлгі тоқалдың зәбір көріп, ордадан аластатылады. Бұған ашуланған Жанқожаның айбатынан сескеніп, әрі сый-құрмет көрсеткен Кенесары оның алдынан кілем жайып қарсы алғандығынан аталған «Кілемжайған аталып кеткені айтылады [3, 143]. Ақтөбелік М.Әлмұратовтан 1959 жылы жазып алынып, кейін Абат Шамұлының қолына түскен тағы бір аңызда Кенесары мен Наурызбай Орынбор, Челябі өлкелерінің аралығындағы қазақтарды да көтеріліске жұмылдыру мақсатында әскери жорықтар жүргізеді. Алайда, бұл жерлерге қоныстанып алып, жерсініп кеткен шаруа-мұжықтар мен орыс-казактар қарулы қарсылық көрсетеді. Қалыптасқан жағдайға байланысты шұғыл іс-қимыл жасауға бейімделген, қарсыласына амал қалдырмайтын әскери әдіс-айла қолдануға машықтанған Кенесары Бреда станицасын мынандай тәсілмен басып алады: «Қазақ үйлерінен мысық жинайды. Түнде ел ұйқыға кеткен мезгілде елу мысықтың құйрығына майға батырған шүберек байлап, оған от тигізіп поселкеге қарай қоя береді. Майға малған шүберек лаулап жанып, жаны түршіккен мысықтар үй-үйдің түкпір-түкпіріне ыршып тығылып, поселкені өрт алады. Ұйқыдағы халық төсегінен жалаңаш-жалпы шыға қашып, поселке азан-қазан болады. Осы кезеңді күтіп тұрған Кене ханның әскерлері оларды жусатып қырып салады. Бірлі-жарымдай болмаса, поселке түгел дерлік жанып кетеді... Осы күні сол Кенесары, Наурызбай өртеген Бреда станциясын қазақтар «Күйік» деп атайды [4].

Кенесары туралы келесі аңызда отаршылдардың аса мол, әрі қуатты әскерінің тегеуріне шыдамаған көтерілісшілер шегініп, Ақтөбе жағындағы Толыбай, Жантай өзендерінің сағасына барып бекінеді. Патша әскерлері Қойлыбай деген қарт батырды жолбасшы етіп алып, соңынан түседі. Қуғыншылар қос өзекте жатқан көтерілісшілердің үстінен шығып, кескілескен шайқас болады. Алғашында бірін-бірі ала алмаған қарсыластар екі жаққа шегініп, бекініске көшеді. Тұйықсыздан, шалт қимылдайтын Кенесары әскерлері ел аяғы басылған шақта жауды елеусіз ту сыртынан келіп шабуылдайды. Қауіпсіз жатқан орыстар кәпелімде сасып қалып, тым-тырақай қаша жөнеледі. Қойлыбай биік төбенің басындағы қоста жалғыз қалады. Наурызбай бастаған бір топ сарбаз жетіп келіп, қимылсыз отырған қартты найзаға іліп көтеріп, орыстар кеткен жаққа лақтырады. Іле-шала жеткен Кенесары: «Бала, мұның қате болды. Жасы жеткен зиянсыз шал еді», – деген екен. Кейін әлгі жер «Қойлыбай төбесі», шайқас өткен сай «Қойлыбай қырғыны» аталыпты [5].

Бұл мысалға алынған аңыздар тек қазіргі Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданының аумағында өткен және көрсетілген жер-су атаулары өзгеріске түспей, бүгінге дейін қалпын сақтап қалған. Кенесары хан бастаған көтеріліс

1837-1840 жылдары Орта жүз, 1841-1845 жылдары Кіші жүздің Торғай мен Ырғыз өзендері аумағын, 1846-1847 жылдары Жетісуды, Іле мен Алатау өңірлерін шарпып, бүкіл Қазақстан көлемінде мойындалып, отаршылдыққа қарсы жүргізілген ұлт-азаттық көтеріліс 10 жылға созылған тарихи оқиға болғандығы баршаға мәлім. Жоғарыда көрсетілген жер-су атауларына байланысты аңыздар азатты, әрі азапты жылдардың бір белгісі ретінде жұрт жадында сақталып қалған. Топонимдердің саны – қазақ жерінің көлеміне сай ұшан-теңіз және олар бейберекет қойыла салмаған, әрбір атаудың тарихы, өзіне тән оқиғасы бар. Профессор А.Пангереевтің пікірімен тұжырымдағанда: «Жалпы, топонимдік аңыз ең алдымен, халық санасынан орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден бастау алады» [6,152].

Қысқаша шолуда Абат Шамұлы өмір бойы жинаған аңыздардардың тек Ақтөбе өңіріндегі Кенесары ханға қатысты қойылған жер атауы жөніндегі үш-ақ аңызға көңіл бөлінді. Ал бір ғана Кенесары мен Науырызбайға қатысты Қазақстанда қаншама жер атауы және оған қатысты аңыз-әңгімелер бар екендігін ғалымның қаламынан туындаған еңбектермен тереңірек танысу арқылы танып-білуге болады деп ойлаймыз. Осы ретте ғалымның ұлы даланың жер-суына байланысты жазған еңбектерін, әсіресе «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» монографиялық зерттеуін зерделей отырып, олардың өзектілігіне, ғылыми-теориялық негідеріне қысқаша болса да тоқталып өткенді жөн сияқты. Біріншіден, кейінгі жылдарға дейін халықтың ой-санасында, руханиятында танымдық, тарихи-деректілік, көркем образдық сипатымен сақталып қалған топонимдік фольклордың үлгілері бір ортаға жиналып, ғылыми жүйеленіп, іргелі түрде арнайы зерттелмеді. Сол себептен де бұл мұралардың көпшілігі жалпы оқырмандарға да, ғылыми ортаға да беймәлім болып келді. Тақырып жан-жақты зерттеліп, оған қатысты ондаған ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар басылым көргеннен кейін бұл еңбектер қарапайым өлкетанушылардың, жоғарғы оқу орындары студенттерінің, әдебиеттанушылардың, фольклортанушылар мен тарихшылардың арасында тың жаңалық ретінде қабылданып, тіпті ТМД елдері ғалымдарының тарапынан да оңды пікірлер білдірілді. Екіншіден, іргелі зерттеу барысында халық жадында сақталып қалған топонимдік әңгімелердің жанрлық ерекшеліктері айқындалып, ғылыми сипаты нақтыланды. Әсіресе, оның аңыз, әпсана, хикаят, әңгіме түріндегі үлгілері жеке-жеке қарастырылып, өзге де фольклорлық жанрлармен байланысы, эпостық туындылардағы, әсіресе дастандардағы, тарихи жырлар мен өлеңдердегі қолдану аясы жан-жақты ашылды. Үшіншіден, жер-су атаулары туралы халық шығармаларының ел тарихына қатыстылығы, әр кезеңдерде өмір сүрген хан-сұлтандар, би-шешендер, батыр-бағландар, ақын-жыраулар сынды танымал тұлғаларға, қоғам қайраткерлеріне байланыстылығы терең зерделеніп, олардың ұлттық тарихта алатын орны дәлелденді тұжырымдар негізінде айқындалды. Сөйтіп, ілгергі кезеңдерде бұл тақырып тіл білімінің

негізінде, әдебиеттану саласында зерттеліп келген болса, бұл еңбекте ғалым топонимдік мұраларды ұлттық фольклордың құрамдас бөлшегі ретінде қарастырып, ғылыми дәлелдеп, қазақ фольклортануында алғашқылардың бірі болып «топонимдік фольклор» деген ұғымның негізін қалады.

Профессор А.Ш.Пангереевтің кеңестік идеологияның салдарынан ел жадынан шыға бастаған ілгергі-бергі ақын-жыраулардың, жыршылардың, тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына деген қызығушылығы балалық шағынан бастау алды. Кейін студенттік, ұстаздық кезеңдерінде де олардың мұраларын жинау жұмыстары жалғасын тауып, бірте-бірте зерттеу нысанасына айналдырды. Олардың арасында «Ш.Бөкеевтің өмір туралы толғаулары», «Исатай – Махамбет көтерілісіне байланысты туған өлең-жырлар», «Шекті Мөңке бидің ғибраттары», «Алқалаған алты әлім, айтпаған сөзін қате деп...» (Сарышолақ шайырдың туғанына 140 жыл толуы қарсанында), «Қалың жұрт Шерниязды ұмытты ма?», «Әжібай би мен Арал батыр тұлғасы: аңыз бен ақиқат», «Ақындық тағдыр: үндестік пен жалғастық» (Б.Күлеев пен С.Торайғыров шығармашылығы негізінде), «Мағжан мен Бернияз шығармашылығындағы ұлт тағдыры», «Бернияз және Абай шығармашылығының сабақтастығы», «Б.Күлеев пен Рудаки шығармашылығындағы табиғат лирикасы», «Бернияз Күлеев поэтикасы», «Бернияз шығармашылығы Қ.Жұмалиев зерттеулерінде», «Шерниязды шешендік сөздері», «Бернияз дүниетанымындағы экзистенциалдық сарын», «Бернияз және оның дәуірі» т.б. ондаған зерттеулер кездеседі. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің филология факультетінде қызмет атқарған 30 жылдың көлемінде Абат Шамұлының атқарған еңбегі орасан зор. Студенттерге дәріс оқып ұстаз атанды, кафедра меңгерді, декан лауазымын атқарды, қазір де «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі міндетін атқарып келеді. Бірақ ол еш уақытта іргелі ғылымнан қол үзген емес. Ол ұстаздық пен лауазымдық қызметтерді атқара жүріп «Жер-су атауларының поэтикасы», «Шекті Мөңке бидің ғибраттары» (Ж.Асановпен бірге), «Әдебиет және топонимика», «Бернияз Күлеев поэтикасы» (А.Абдуллинамен бірге), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері», «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік негіздері», «Қазақтың топонимдік фолкьлоры», «Фольклордың ұлттың негіздері», «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» сияқты монографиялық еңбектер мен оқу құралдарын жазды.

Абат Шамұлы – бойына бірнеше қасиеттерді тоғыстыра білген ерекше дарын иесі. Оның жалпақ жұрт біле бермейтін ұстаздық, ғалымдық, қайраткерлік, азаматтық, адами қырлары арнайы айтылуға тиіс. Ал әдеби мұраларды жинаудағы, фольклортану саласындағы, әсіресе атамекен – жер-мұраның жоқшысы ретіндегі қажырлы еңбегі осы мақалада қысқаша болса да аталып өтті деп есептейміз. Ғалым алдағы кездерде фольклортануда да, жас ұрпақты тәрбиелеуде де нәтижелі еңбектер атқара беретініне сеніміміз мол. Басып өткен ғалымдық, ұстаздық жолы Абат Шамұлын бүгінгі қазақ

зиялыларының қатарына қосты. Ғылым жолындағы әріптес, қанаттас, әріптес-досыма зор табыстар тілеймін!

Әдебиеттер

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985.
2. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981.
3. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2011. Т. 80: Топонимдік аңыздар.
4. ӘӨИ. 339-бума, 4-дәп.
5. Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: «NOBEL», 2014.

Ана тілі газеті №2,17-23 қаңтар 2019 жыл.

ӘДЕБИЕТ ПЕН ТОПОНИМИКА БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ

Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
ҚазҰУ-дың профессор м.а.
Алматы қ., Қазақстан

Адамзат өнері мен көркем ойлауының байырғы әдеби үлгілері болып табылатын фольклорлық туындылардың синкреттілігі мен көркемдік дәстүрдің негізі болуы ерекшеліктері әлі күнге дейін зерттеушілер назарын аударып келе жатқаны аян. Бүгінгі таңда ғылымның көптеген салаларымен тығыз байланыстылығын айқындап, халықтың ілкі заманнан бергі дүниетанымы мен наным-сенімін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына сақтап асыл дүниемізге айналған фольклордың алуан түрлі қырларын зерттеп құнды еңбектер жазған фольклорист-ғалымдарымыздың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ПҒА академигі Пангереев Абат Шамұлы. Фольклортанушы А.Ш.Пангереевтің ғылыми-зерттеулері негізінен фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топономастика мәселелеріне арналады. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші, әдебиеттану ғылымы мен фольклористиканың марқасқа мамандарының кеңес беруімен іргелі зерттеулерді қолға алған А.Ш.Пангереев 1997 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметовтың жетекшілік етуімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып, ғылыми дәреже алды. Одан кейін де топонимиканың көркем әдебиеттегі қызметін зерттей келе, 2010 жылы ҚР ҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың жетекшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» атты докторлық

диссертация қорғады. Әдебиет пен топонимиканың байланыс-бірлігін деректі дәлелдермен ғылыми негізде тұжырымдап бергендігін ғалымның көптеген зерттеулерінен көре аламыз. Атап айтсақ, «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» (2018), «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялары мен оқу құралдары, сонымен қатар халықаралық және республикалық конференция материалдарында, шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген көптеген ғылыми мақалалары да ғалымның тынымсыз ізденістерінің көрсеткіші. Әдебиет пен ономастика саласында осыншама еңбектердің жазылып, жариялануы ғалымның осы мәселеге аса ден қойып, нәтижелі еңбек еткенін аңғартады. Пангереев Абаттың бірнеше жылдар бойы Ақтөбе облысының ономастика комиссиясының мүшесі болып, қала, облыс аумағындағы елді мекен, көше атауларына ұлттық ұғымға сай атаулар беру ісіне де атсалысып, үлес қосуынан ел азаматы ретінде парызын сезіне білген тұлғалық болмысын танимыз.

А.Ш.Пангереев – ғылымға тың көзқарас, жаңаша ізденіспен келген ғалым. Ономастиканың бір саласы топонимика бұған дейін тіл білімі, география салаларының зерттеу объектісі ретінде ғана қарастырылып келсе, Абат Шамұлы топонимиканы алғаш рет әдебиет пен фольклор тұрғысынан қарастырады. Фольклор мен топонимиканың тығыз байланыстылығын, бір-бірін дамытып, толықтыратындығын айта келе, фольклорлық топонимиканы дербес жанр ретінде қабылдауға қажетті шарттардың бәрі бар екендігін айқындап береді. «Фольклор ұлттық тарихи жадының куәсі, ұлт тарихының айнасы деп білсек, онда бұл екеуі ажырамас бірлікте екені аян. Сондықтан фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшеліктерінен туындайтын құбылыс», – дейді автор «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегінде [1,9]. А.Ш.Пангереевтің «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегі қазақ фольклористикасы мен топонимика ғылымына қосылған іргелі зерттеу. Фольклорға тән басты ерекшелік деп айтуға болатын жер-су атаулары арқылы көрінетін халықтың танымы мен эстетикалық мұраты жайын зерттеуге арналған бұл еңбекте фольклордың топонимикамен байланысы, топонимдік фольклордың жанр ретінде қалыптасу, даму ерекшеліктері, жанрлық түрлері, олардың қоғамдық, ақпараттық, танымдық қызметтері, миф және басқа да ғылым салаларымен байланысы сияқты мәселелер жүйелі зерттеу обьектісіне айналған. Әдебиет пен фольклордағы жер-су атауларының баян етілуі халықтың байырғы тарихынан сыр тартып, танымы мен мекен еткен кеңістік аясын танытатын дерек көздері мен ақпараттық мәліметтер болып табылатындығын негізді тұжырымдармен дәлелдейді.

Қазақтың фольклорлық туындыларында жер-су атауларының мол кездесуі, олардың сюжет пен кейіпкерге қатысы, поэтикалық және танымдық

сипатқа ие болуы сияқты факторлардың топонимдік фольклор жанрының туып қалыптасуына негіз болғандығын айта келе, ғалым топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы деп есептейді. Қазақ фольклорындағы топонимдік сюжеттердің атқаратын қызметтерінің маңыздылығына тоқтала келе, «фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-су атауларын алып тастар болсақ, онда ол сюжеттер жалпылай абстракцияға ұшырап оқиға дәл баяндалғанымен әйтеуір нақтылы мазмұндалу жағы жетімсіздеу болар еді» [1, 9], – дейді. Сайып келгенде сюжеттер фольклор мен топонимиканы туыстастыратын негізгі мотив ретінде танылады. Топонимдік сюжеттерді мазмұнына, баяндау, ақпарат беру ерекшеліктеріне қарай топонимдік аңыз, топонимдік хикаят, топонимдік әпсана, топонимдік әңгіме деп бөлуді ұйғарады. Топонимдік фольклор туындыларын жанрлық түрге осылайша классификациялай отырып, оның танымдық қызметін басты орынға шығарады.

Халықтық таным сипатында ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген аңыз жанрының ішінде топонимдік аңыздың шоқтығы биік. Өйткені топонимдік әпсана, хикаят сюжеттерінің басым көпшілігі аңыздық сарындардан өрбіп, көркемдік сипаттауларға ие болып, басқа жанрлық формаға ауысады. Тарихи деп жүрген аңыздарда топонимдік мотивтердің кездесіп отыруының өзі жер-су атауының қойылуынан сыр шертетін аңыздарды елді мекендердің шежірелі тарихы деп қарауымызға негіз бола алады. Сол себепті фольклор туындыларында баян етілетін оқиғалардың тарихилық сипатын анықтауда топонимикаға жүгіну маңыздырақ. Мәселен, «Қарауылкелді», «Ақсақ Темір төбесі», «Ақсақ Темір орны», «Башмақ төбе» сияқты топонимдік атаулар белгілі бір оқиғаның туу себебін, болған орны мен мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көздерін танып білуге, деректі етіп баяндауға септігін тигізеді. Зерттеу еңбектерінде осындай байламдар жасайтын фольклорист-ғалым Абат Шамұлының топонимдік әпсана жанрының ерекшеліктері жайлы талдауларынан дара ізденісін көреміз.

Әпсана ұғымына теориялық тұрғыдан жан-жақты түсініктеме бере келе, оны аңыздан айыруда уақыт пен кеңістік принципіне жүгіну керектігін, аңызда өткен оқиға баяндалса, әпсанада уақытқа шек қойылмайтындығын айтады. Әпсананы аңыз бен ертегі аралығындағы қарапайым халық прозасының көркем фольклорға айналған түрі, бұның басты функциясы танымдық, мағлұматтық емес, болған немесе болды деген оқиғаны көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру деп айтқан белгілі фольклортанушы С.Қасқабасовтың пікірін тілге тиек етіп, өзінің де тұжырымдарымен былайша толықтырады: «... егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факті ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса – әпсана болады» [1, 101]. Ал енді ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқан топонимдік хикаяттың әпсанадан айырмасын – онда діни-кітаби сюжеттердің баяндалатындығы, астарында мифтік белгілердің болуы сияқты

өзгешеліктерден байқалатындығымен түсіндіріледі. «Шайтанкөл», «Зәмзәм суының бұлағы», «Қазығұрт тауы» туралы хикаяттарда діни түсінік пен діни бейнелердің болуы осы жанр ерекшелігін түсіндіруге мысал бола алған.

Топонимдік фольклор жанрының типологиялық ерекшеліктерін жете білетін А.Ш. Пангереев жер-су атауларының шығу тарихына байланысты туған топонимикалық аңыз, әпсана, хикаяттардың қатарына жаңа түр – топонимикалық әңгіме жанрын қосады. Сюжеті шындыққа құрылған, орындалуы фольклорлық дәстүрге сай келетін бұл туындыны топонимдік әңгіме деп атауды ұйғарады. Топонимдік әңгімеде кеше, жақын арада ғана болған жағдай баяндалады. Әңгіменің бұл түріне шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленетін, өзіне дейінгі даяр модельдердің ізімен баяндалатын, халық ішінде кең тарап, ауызша айналымға түсіп кеткен фольклордың кенже түрі деген сипаттама беріледі. Алдыңғы түрлерге қарағанда өзіндік композициялық құрылымы бар топонимикалық әңгімеде экпозиция мен оқиға шешімінің орны маңызды. Экспозицияда әңгімеші алдымен оқиғаның қай жерде, қай мезгілде, кім туралы, кімнен естіді деген сияқты жайттардан хабардар етсе, оқиғаның шешілуі топонимнің шығу тарихын айқындаумен аяқталады. Тағы бір ерекшелік – оқиғаның дәл, анық баяндалып, кейіпкерлердің нақты бейнеленуі. Теориялық түйіндеріне дәлел ретінде «Қуандық бұлағы», «Байқоңыр», «Айша бұлағы», «Байбике» туралы топонимдік әңгімелер келтіріледі. Қазақ жерінің көптеген аймақтарында айтылатын мұндай әңгімелердің аңыз, хикаяттардан айырмасы ертеде емес, күні кеше болғандай әңгімелене беретіндігінде. Топонимикалық фольклор жанрларының жаңа түрі деп танылып отырған топонимикалық әңгімелер жайында айтылған ғалым мәліметтерін саралар болсақ, тарихилығы мен этникалық ерекшеліктердің басым болуымен қатар, оларға ауызша орындалуы, түсінікті болуы, оқиғалылығы, тәрбиелік мәні, айтып отырған оқиғаның ойдан шығарылмағандығы, сөйлеу тілінің көркемдігі, топонимдердің нақты географиялық аймаққа сәйкес келуі сияқты белгілер тән екен. Дара жанрлық түр деп тануға боларлық дәлелдерді келтіре отырып, топонимикалық әңгімені халықтың шығармашылық өнерінің дәстүрлі жалғасы ретінде қалыптасуына негіз бар екендігін айтады.

Пангереев Абат Шамұлының жоғарыда аталған зерттеу еңбектерінде ұлтық руханияттың негізі саналатын фольклорды этнография, этнология, ұлттық болмыс секілді салалармен байланыста қарастырады. Топонимикалық фольклорды ғылымның бірнеше жанрлық түрлерімен тығыз байланыстылығын тілге тиек ете келе, ежелгі мәдени мұралардың жер-су атаулары арқылы танылатын ерекшелігін де аша түсуді мақсат етеді. Әріден тамыр алып тарамдалып жатқан топонимдік фольклордың мифофольклормен, ғұрыптық фольклормен байланысты тұстары мен ара-жігін аша түсетін жайттарға да түсініктеме беріледі. Топонимдік фольклордың негізгі жанры саналатын топонимикалық аңызға мынадай анықтама береді: «... топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен

емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [1, 87]. Ал мифтік сана мен мифопоэтиканың фольклорға сіңісуі нәтижесінде пайда болып дербес жанрлық түр ретінде қалыптасқан мифофольклорды «мифтік-сана мен ойлау жүйесінің, мифтік таным мен сенімнің фольклор нұсқаларында кездесіп, олардың астарында көркемделген форма мен мазмұнды пішінде көрініс табуы» [1,67] деп түсіндіреді. Мифтік фольклордың мифологиядан айырмашылығы көркемдік пішіннің тұрақтылығы мен ұлттық поэтиканың жоғарылығында екендігі айқындалады. Жалпы осы ерекшеліктермен қатар, негізінде наным, философия, дін жатқан мифтің әлі күнге дейін әдебиетімізде тарихи трансформаланған күйінде жалғасын тауып келе жатқанын қазіргі көркем шығармаларда көрініс алып жүрген мифопоэтикалық ағымдар үрдісінен де аңғарамыз. Жалпы миф қалай сақталады? Бұл сұраққа автор ел арасындағы кейбір ғұрыптық, салттық, танымдық, діни қатпарлардың астарында сақталуы мүмкін деген болжамын айтады.

Абат Шамұлының зерттеулерінің бір бағыты топонимдік сюжеттердің эпикалық жанрлардағы қолданысына арналады. Жер-су атауларының эпикалық шығармалардағы атқаратын қызметіне уақыт пен кеңістік категориясы тұрғысынан қарастыруды жөн санайды. Өйткені фольклордағы уақыт пен кеңістік мәселесі жанрлық түрлер арасындағы өзгерістерді айқындай түсіп, идеялық-мазмұндық жаңалықтар әкелетіні мәлім. «Эпостық жырларда кең қолданысқа түсетін топонимдік атаулар шығарма сюжетіне деректілік танытумен бірге кейіпкердің аймағының, туған жерінің келбетін қоса танытады. Сондықтан эпоста көрініс беретін мәселенің бірі – топонимдер арқылы танылатын туған жер идеясы» [1, 124], – деген ойларында жер-су атауын туған жер ұғымының заттанған бейнесі деп қабылдаушылық бар. Осылайша топонимді эпос табиғатының ішінен алып зерттеу арқылы жырдың генезисі мен типологиясының жаңа қырларын тани түсуге мүмкіндіктер ашады.

Ұлттық фольклорымыздың қойнауларында жатқан асыл арналар мен құнды деректерден сыр тартып, ұмыт болуға жақын қалған халқымыздың атамекен, жер-су атаулары туралы аңыз-әңгіме, әпсана-хикаяттарын жадымызда қайта жаңғыртып, ұлттық танымды кеңейте түсетін мұндай зерттеулер бүгінгі таңда аса қажет. Ата қоныс, мекен-жайдың тарихын баян ететін топонимикалық фольклордың мән-маңызы ешқашанда жоғалмақ емес. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының аса маңызды бағдары – Ұлттық жаңғыру. Ұлттық жаңғыру ұғымы ұлттық сананың кемелденуін білдірсе, халықтың тарихы мен тағлымы жатқан топонимикалық фольклорды замана сынынан сүрінбей өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық тауып келе жатқан рухани мұра деп танимыз. Жаңғыру осындай ұлттық-рухани тамырлардан нәр алып, оларды алдағы өркендеудің діңі ете отырып қадам басуға тиіс.

Мәдени-рухани құндылықтар санатына жататын қазақ фольклорының бір саласы болып табылатын қазақ топонимдік фольклорының қоғамдық,

тарихилық, деректілік, ақпараттық, таным мен тағылымдық аспектілерін өзекті мәселе ретінде қарастырып, аса мәнді ғылыми негіздемелер мен жаңаша тұжырымдамалар жасаған фольклорист-ғалым Абат Шамұлы Пангереевтің ғылыми еңбектерін бүгінгі қоғам танымы мен руханият талабына сай ізденістер деп толық айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Пангереев А. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері. – Алматы: Эверо, 2018. – 216 б.
Көркем шығарма поэтикасы. Монография: - Алматы: Қазақ университеті, 2021.-257б.-210-216бб.

АБАТ ПАНГЕРЕЕВТІҢ «ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ» ЕҢБЕГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Серікзат Дүйсенғазы
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Астана қ., Қазақстан

Қазақ фольклортану ғылымы тәуелсіздікке дейін де, тәуелсіздіктен кейін де ұлт руханиятының түгенделуіне үлкен үлес қосқан іргелі сала. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде Ш.Уәлиханов, М.Көпеев, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай т.б. қазақ зиялылары ауызша жеткен мұраларымыздың жиналып, зерттелуіне орасан еңбек сіңірді. Әсіресе, Ш.Уәлихановтың, Ә.Бөкейханның халқымыздың фольклорлық мұраларын зерттеуге жазған алғашқы еңбектері қазақ ұлттық фольклортану ғылымының қалыптасуына кеңінен жол ашты.

Ал тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі бұл саланың тереңдей зерттелуі академик Сейіт Қасқабасовтың ғылыми мектебіне тікелей қатысты деуге болады. С.Қасқабасов пен оның шәкірттері қазақ фольклорын ғылыми тұрғыда жүйелеп, жанрларға бөлу, олардың ұлттық терминдік атауларын қалыптастыруды кезең-кезеңімен жүзеге асырды. Академик-ғалымның тікелей жетекшілігімен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» жүз томдық теңдессіз жобасы жарық көрді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев бір сөзінде: «Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов басқаратын «Бабалар сөзі» сериясымен шыққан кітаптар да қазақ халқының аса бай ауыз әдебиеті мұрасын жинақтап, ұрпақ қолына табыстауда үлкен рөл атқаратын жоба деп білемін» [1,8] , – деп жоғары бағалады. Қазақ фольклорының барлық жанрларын қамтыған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының сексенінші томына ел аузындағы топонимдік аңыздар жинақталды. Осы салада филология ғылымдарының докторы,

профессор Абат Пангереевтің еңбегін атап өту ләзім. Ол ғылыми кеңесшісі С.Қасқабасовтың бағыттауымен қазақтың топонимдік фольклорын жүйелеп, жан-жақты зерттеген еліміздегі бірден-бір ғалым.

А.Пангереевтің «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» монографиясы фольклортану мен топонимика сияқты екі іргелі ғылымды байланыстыратын маңызды еңбек. Ғалым бұл еңбегінде жер-су атауларына байланысты ел аузындағы фольклорлық мұраларды жинақтап, зерттеп, теориялық тұрғыда жанрларға жіктеп көрсетеді. Қазақ даласындағы жер-су атауларының шығу тарихына байланысты аңыз әңгімелер жетерлік. Өкінішке орай, отаршылық кезеңде көптеген көне топонимикалық атаулар өзінің тарихи атынан айырылып, саяси науқандар кезінде қазақ жеріне қоныс аударған ұлттардың қойған атауларымен аталды. Әсіресе, солтүстік және орталық өңірлердегі тың игеру жылдарында бұл үдеріс қарқынды жүргізілді. Қоныс аударушы ұлттар өздерінің туған жерлерінің аттарын қазақ даласына бірге ала келді. Макинка, Киевка, Ивановский, Минский, Одесский, Воздвиженка, Александровка, Гусарка т.б. атаулар бұрынғы тарихи топонимдерді ығыстырып шығарды. Сол ығысқан тарихи топонимдік атаулармен бірге қанша фольклорлық мұралар да ұмытылып, халық санасынан өшті. Осы олқылықтарды тәуелсіздік жылдарында біртіндеп қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы ретте, кейбір тарихи атауды қайтару үшін күрес кезінде жергілікті қазақтардың фольклорлық аңыздарға сүйенген деректері де бар.

Профессор Абат Пангереев «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» еңбегінде топонимдік фольклорды бірнеше жанрға бөліп көрсетеді. Жер-су атауларына байланысты шыққан фольклорды топонимдік аңыз, топономдік әпсана, топонимдік хикаят, топономдік әңгіме деп жіктей отырып, әрқайсының ерекшеліктерін нақты мысалдармен талдайды. Алдымен топонимдік аңыздарға тоқталайық. Бұған дейін бір сала деп қарастырылып келген аңыздарды академик Сейіт Қасқабасов тарихи аңыз және топонимдік аңыз екіге түрге бөлген болатын. Академиктің: «Топонимдік деп бөліп жүрген аңыздарда да тарихи негіздер, фактілер болады. Ал тарихтық деп жүрген аңыздарда топонимикалық мотив кездеседі. Аңыз жанрында шығарманың өзі емес, ондағы сарын ғана топонимикалық сипатта болуы мүмкін. Сондықтан «топонимдік аңыз» деген атауды шартты түрде ғана алу керек те, оған белгілі бір жерге, мекенге байланысты оқиғаны баяндайтын әңгімелерді жатқызу қажет. Екінші сөзбен айтқанда, топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен, немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі бір қайраткердің атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [2,125], – деп жазған пікірін басшылыққа ала отырып А.Пангереев: «Жалпы, топонимдік аңыз ең алдымен халық санасында орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткеніне жауап іздеуден бастау алады» [3,152], – деген тұжырымды ойын алға тартады.

Қазақтың ұлан-ғайыр даласында халықтың аумалы-төкпелі кезеңдерде басынан кешкен оқиғаларына байланысты аталған жер-су атаулары өте көп. Тіпті, кейбіреулері бұл күнде қалмақ батырларының атымен аталған деп талас та тудырып жүр. Бір ғана Алматы облысындағы Нарынқол мен Кегенді, Қаскелең мен Шонжы т.б. бізге белгілі жерлерді қалмақтың батырлары болған деген әңгімені әр жерден естіп, оқып қалып жүрміз. Қалай дегенмен де, бұл атаулардың барлығы сол жерде өткен тарихи оқиғаны есте қалдыру үшін қойылған топонимдер. Бәлкім, кейін тарихты есте сақтау үшін ата-бабамыз өзгертуді қажет деп таппаған болар. Топонимдік аңыздар жұртшылықтың сол жерге, туып-өскен мекенінің тарихына, атаулардың шығу тегіне құштарлығынан тарихтан ауытқымай, ауыздан ауызға таратып айтқан әңгімелерден туған. Бірқатар фольклортанушы ғалымдардың топонимдік аңыздар тарихи деректердің негізінде болады деп айтуы да сондықтан. Мәселен, С.Қасқабасовтың: «Аңыз болған соң міндетті түрде бір оқиғамен байланысты болады, яғни, тарихи шындыққа негізделеді. Сондықтан топонимикалық аңыз жартылай тарихи болады» [2,144], – деген тұжырымын айтуға болады. Топонимдік аңыздардың жартылай тарихилығын ескере отырып А.Пангереев: 1) Тарихи оқиғаларға байланысты аңыздар; 2) Табиғат құбылыстарына байланысты аңыздар; 3) Наным-сенімдерге байланысты аңыздар; 4) Жер-су атауларының этимологиясына байланысты аңыздар, 5) Заттық белгілерге байланысты аңыздар; 6) Тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар [3,188], – деп жіктейді.

Ғалым А.Пангереев монографиялық еңбегінде еліміздің әр өңіріндегі жер-су атауларына байланысты туған аңыздарды мысалға келтіре отырып, зерттеуін нақты дәлелдермен түйіндей білген. Енді топонимдік әпсана жанрына келейік. Осы еңбекте А.Пангереев: «Алғашқыда әпсаналарда әулие-әнбиелердің өмірлері, іс-әрекеттері сипатталады. Кейін мұның астарында танымдық негіздегі оқиғалар да түсіндіріле бастады. Ал берірек, қазіргі кезеңдерде белгісіз, ғажайып, алайда шындығында өмірде болған, болды деп саналатын оқиғалар әпсана деп есептеліп келді. Әпсананың мазмұны діни сарынға келеді. Аңыз бен әпсана арасындағы айырмашылықты ғылыми негізде біз ажыратып қарағанымызбен, халық танымы олардың арасына шек қоя алмай келеді» [3,189-190], – деген пікірін алға тартады. Сонымен, топонимдік әпсана дегеніміз не? Академик С.Қасқабасов әпсана жанрын аңыз бен ертегінің арасында халықтық фольклордың көркем жанрға айналған түріне жатқызады. Яғни, әпсана аңызға қарағанда әдебиетке жақын, көркемдік бояуы мол жанр деуге болады. Онда аңыздың да, мифтің де, хикаяттың да қасиеттері бар, осы үш жанрды да бойына сіңіре отырып, ертегіге жақындағанын айтады. Солай дей келе, С.Қасқабасов әпсананы үшке бөледі: 1) бір кезде тарихта болған адамдар жайында аңыз болып шығып тараған шығармалыр; 2) белгілі бір мекен, жер-су жайын қиял түрінде баяндайтын әңгімелер; 3) Інжіл мен Құран, тағы басқа діни кітаптар арқылы тараған сюжеттер [4,150].

А.Пангереев «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» монографиясында топонимдік әспананың ерекшеліктеріне тоқталып, қазақ халқында ертеден келе жатқан Асан қайғының жер ұйықты іздеуі, Қорқыттың өлімнен қашуы, Нұх пайғамбардың Қазығұрт тауына кемесінің тоқтауы т.б. классикалық әпсаналар мен Ислам дінінің әсерінен туған әпсаналарға ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізіп, аңызбен аражігін анықтап береді. Ғалымның: «Бұл жерде мынадай болжам жасауға болады: егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факты ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса – әпсана болады» [3,191], – деп тұжырымды ойын қорытады. Ал топонимдік хикаят әпсанамен сарындас болғанымен өзіндік ерекшелігі бар жанр. Негізінде, ғылымда әпсана мен хикаятты бір жанр деп қарастырады. Екеуінің айырмашылығы барын алғашқы болып академик С.Қасқабасов Інжіл мен Құран, тағы басқа діни кітаптар арқылы тараған сюжеттер туралы дінге қатыссыз болса әпсаналық, ал мұсылман дініне қатысы болса хикаяттық сипат басым болатынын айтты. Хикаят көлемі шағын болса да, көтеретін тақырыбы кең діни сюжетті баяндайтын шығарма. Осы ретте, ғалым А.Пангереев жер-су атауларына қатысты «Шайтанкөл», «Шайтансай», «Шайтанкөпір» хикаяларын мысалға келтіреді. Хикаяттың түбінде өте ерте заманда өткен оқиға жатуы мүмкін екенін ескеріп, тарихи есімдердің де кездесетінін айтады. Мәселен, кей хикаяттарда Құранда айтылатын Ескендір Зұлқарнайын, Сүлеймен, Лұқпан, Қарун т.б. сюжеттердің кездесуі кейіпкердердің ел үлгі тұтар қасиеттерінің болуында дейді. Қазақ жеріндегі жер-су атауларына қатысты хикаяттар ретінде Қарахан мен Айша бибінің, Қыз әулие, Әулиетас т.б. сюжеттерді мысалға келтіреді. «Біз осы топонимдік хикаят бөлімінде белгілі бір жер-су атауына байланысты хикаяттарды дербес алып, оны халық прозасының бір түрі ретінде мақсат тұттық. Алайда, нәтижесі бұл санаттағы қазақ халқының төл хикаяттарының онша көп еместігіне көз жеткіздік. Оның бұлай болу себебі – хикаят танымның белгісі, сондықтан түбі тереңде жатыр. Оның түрлері байырғы мифтік түсініктерді зерделеп, тереңдей қарастырғанда ғана көптеп табылатыны анық» [3,257], – дейді. Ғалымның пайымына назар аударсақ, бұл сала әлі де індете зерттеуді талап ететінін аңғарамыз.

Бірқатар әдебиетанушы ғалымдар классикалық әңгіме жанрының бастау көзі халықтық фольклорда жатқандығын айтады. Осы ретте, П.Әуесбаева қазақ фольклорындағы әңгіме жанры бойынша зерттеу жүргізіп, ғылымға «фольклорлық әңгіме» деген жаңа термин енгізгенін айтуымыз керек. Осы фольклорлық әңгімелердің арасында жер-су атауларына байланысты әңгімелер де кездеседі. Ол туралы А.Пангереев: «Топонимдік аңызға да, әпсана, не хикаятқа да жатпайтын, сюжеті шындыққа құрылған, орындалуы фольклорлық дәстүрге сай келетін туындылар бар. Біз оны сапалық белгісіне қарай топонимдік әңгіме деп атауды ұйғарып отырмыз» [3,260], – дейді. Ғалым топонимдік аңызға бұрын болған жәйтті әңгімелеуді жатқызса,

топонимдік әңгімеге жақында, кеше ғана болған жағдайды әңгімелеуді жатқызады. Жер-су атауларының шығу тегіне құмарту, оның терең сырына үңілу және оны әңгімелеу дәстүрінің бүгінгі күнге дейін жалғасып, құндылығын жоймай келе жатқанын айтады. Оған мысал ретінде ақын Қуандық Шаңғытбаевтың жетпіс жылдық мерейтойына туған жері Ақтөбеге келген ақын-жазушылар сол жердегі мөлдір бұлақты «Қуандық бұлағы» атандырғанын тілге тиек етеді. Ғалым топонимдік әңгіменің өзіне тән белгілерін ескере отырып, мынадай тұжырымдар жасайды: 1) ауызша орындалуы керек; 2) түсінікті болуы тиіс; 3) оқиғалығы болуы керек; 4) тәрбиелік мәні болуы тиіс; 5) айтып отырған оқиғаның ойдан шығарылмағандығын анықтау керек; 6) сөйлеу тілінің көркемдігі болуы тиіс; 7) топонимдердің нақты географиялық аймаққа сәйкес келуі тиіс [3,285].

Ғалым А.Пангереев арақатынасын қанша анықтап көрсеткенімен де әңгіме мен хикаяттың, аңыз бен әпсананың барлығы фольклорлық жанр болғандықтан ұқсас жақтары өте көп. Тіпті кейбір фольклорлық шығармаларда ортақ сипат басым болғандықтан жанрын ажырату оңайға соқпай жатады. Фольклортанушы-ғалым осы монографиялық еңбегінде топонимдік фольклордың басқа жанрлармен байланысына зерттеу жүргізеді. Мәселен, қаһармандық эпостарда кездесетін топонимдік атаулар, романдық эпостардағы топнонимдік мотивтер, тарихи жыр мен тарихи өлеңдердегі жер-су атауларына қатысты ғылыми талдаулары фольклортану саласына қосылған үлкен үлес деп бағалауға болады. Жалпы, А.Пангереевтің «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» атты монографиясын бір мақаланың деңгейінде толық саралап шығу мүмкін емес. Тек бұл кітаптың қазақ фольклортану ғылымына қосылған теориялық маңызды еңбек екенін атап айтқымыз келеді.

Әдебиеттер

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. 1 том. – Астана: Фолиант, 2014. – 317 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.
3. Пангереев А. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: Типография «NOBEL», 2014. – 465 б.
4. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

«Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»: филология ғылымдардың докторы, профессор А.Ш.Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе:«Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. – 274 б.

ПАНГЕРЕЕВТІҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Р.Р.Жұмағалиева
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Осыдан тура отыз жыл бұрын, кеңестік жүйенің іргесі сөгіліп, тәуелсіздіктің үміті тұтана бастаған тұста облысымызда айтулы бір оқиға болды. Ақтөбе педагогикалық институтының сол тұстағы ректоры, танымал тұлға Мұхтар Ғалиұлы Арынның тікелей бастамасымен қоғамның рухани көшін алға сүйрейтін «Қазақ филологиясы» атты мамандық ашылды! Бүгінде білім кеңістігіне үш мыңға жуық жоғары білікті кәсіби филологты қосып, қабырғасы әбден қатып, бұғанасы берік бекіген мамандықтың басы-қасында үнемі бірге жүрген, сол мамандықпен бірге өсіп, бірге толған бір адам болатын болса, ол сөз жоқ – Пангереев Абат Шамұлы деп ауыз толтырып айта аламыз! Отын жесең тойынатын Ойыл өңірінің тумасы Қарағанды мемлекеттік университетін ойдағыдай аяқтап, туған жеріндегі талантты балаларға арналған мектеп-интернатта алғашқы қызметтік баспалдықтан өткеннен соңғы бар саналы ғұмырын, жастық жігерін осы Жұбанов университетіне, дәлірек айтқанда, филология факультетіне арнағанын тек шәкірттері мен әріптестері ғана емес, жалпы Ақтөбе жұртшылығы өте жақсы біледі. Елімізге танымал азамат Қанат Айтбаев, филология факультетінің қазіргі таңдағы деканы Күлзат Садирова, «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Әлия Ұлықпанова сынды «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының алғашқы түлектеріне әдебиет әлемінен дәріс оқып, факультет деканы қызметін атқарған ардақты ұстаз Абат Шамұлы бүгінде асқаралы алпыстың ауылына аяқ басты.

Алпыстың асуында адами болмыс пен азаматтық келбеттің кемел көрінісін қалыптастырған ұстазымыз туралы айтулы мерейтойы тұсында әріден толғансақ: Отызында орда бұзбасаң, қырығында қамал алмайсың. Абат Шамұлы отызында факультет басқарды, ауыл-ауылды, облысымыздың ең шалғай елді-мекендерін аралап, туған тілін қадірлеп, әдебиетін ардақтайтын талапкерлерден емтихан алып, оқуға қабылдады, оқытты, тоқытты, білім беру майданының қақ ортасында, қазақ филологиясының орнын төрден сайлаймын, сайламасам қоймаймын деп қаймықпас қаһармандай қасқайып жүргені сондай, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының мұғалімдерін дайындайтын институттың филология факультеті ел іші, жұрт арасында «Пангереевтің факультеті» деген аңыз атауға айналғанын ақтөбеліктер әлі ұмыта қойған жоқ.

Академик Зейнолла Қабдолов 60 жасқа толғанда Абат Шамұлы атақты тұлғаға адресат жаза отырып: «Екі кеме құйрығын, ұста жетсе бұйрығын» деген Абайдың тармағында айтылғандай ғалымдықты ұстаздықпен ұштастырған ұлы адамсыз» деген мағынада ілтипат білдірген екен, біз де бүгін сол ойлы сөзді, мағыналы оралымды өз авторына бағыттамақпыз. Қазақ

филологиясы мамандығының болашағына деген зор алаңдаушылық ұстазымыз Абат Шамұлын әдебиеттану аталатын алпауыт ғылымның есігін қағып, ішіне енуіне, өз орнын тауып, тұғырын тұрақтатумен бір-ақ тоқтатты. «Адамның көңілі *шын* мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі» деп ұлы Абай айтпақшы, Абат Шамұлы ғылымда ғылыми тақырыбын жаңылмай тапқан жан, адами бағына жақсы тақырып бұйырған ғалым деп санаймыз. Себебі, болашақ фольклортанудың маманы өз мақсатын айқын таныды, соған сәйкес нақты жоспар түзе алды. Өзінің, ата-бабасының туған мекені Ақтөбедей киелі өңірдің жері мен суының атауын зерттеу, поэтикалық тұрғыдан зерделеу және бұл жолға қазақтың біртуар мықты ғалымы Мекемтас Мырзахметовтің жетекшілік жасауы ұстазымыздың нақты нәтиже – филология ғылымдарының кандидаты деген дәреже қол жеткізуіне ұйытқы болды. Абат Шамұлы өзі ашқан, қалыптасып кетуіне біркісідей ерен еңбек сіңірген қазақ филологиясы мамандығына қашан да болмасын адал болды, басқа да биік мансапты қызметтерге жан-жақтан шақырту алып, ұсыныс білдіргенде өзінің жастық шағының жалынды іздері жатқан факультетін, әріптестерін, шәкірттерін қимады, ұстаздығын ғалымдықпен тоғыстырған ортада абыройлы жолын жалғастыра беруді ғұмырының басты мағынасына айналдырды.

Қамал алар қырықта Абат Шамұлы қазақ фольклортану ғылымындағы соны ізденіс, жаңа бағыт болып табылатын топонимдік фольклор деп аталатын іргелі ізденістің соңына түсті, ғылым корифейі, атақты оқымысты Сейіт Қасқабасовтың ғылыми кеңесшілігі, зор талап, орнықты табандылық, үлкен жауапкершілік ұстазымызды филология ғылымдарының докторы деген дәрежеге жеткізді.

Бүгінде профессор Пангереев өз саласына қатысты көптеген ғылыми еңбектер мен оқулықтардың авторы. Өз факультетінде, өзі ерекше құрметтейтін қазақ филологиясы мамандығының шәкірттеріне білім береді, бағыт-бағдар көрсетеді. Болмысы бөлек, ұстаздық келбеті ерекше Абат Шамұлының алдында отырып дәріс тыңдаған әр шәкірт оның оқыста тауып айтқан ұтымды сөздерін өмір бойы ұмытпайтын, еске алса езуіне күлкі үйірілетін бір қызық құбылыс бар. «Абат ағай айтқан екен» деген тіркес ширек ғасырдан астам уақыт бойы еш жерде жазылмаса да филфактың студенттері арасында ауыздан ауызға айтылып келе жатуының өзі сирек кездесетін жайт. Солардың бірнешеуін айта кетсек: «90-жылдардың орта тұсында болса керек, троллейбус қатынайтын уақыт, ағайдың 1-парына бір ұзын бойлы, бойшаң студент қыз кешігіп келіпті. «Неге кешіктің?» деген сауал қойылыпты оқытушы тарапынан. Студент қыз: «Троллейбус келіп болмай, кешігіп қалдым» депті. Сонда Абат ағай: «Саған троллейбустың да қажеті шамалы ғой, қолыңды созсаң сым-тоғына жетіп жатыр, жүре бермейсің бе» депті. Аудиторияда ду күлкі. Осындай сөзден кейін студенттер сабаққа ешуақытта кешікпейтін болған шығар деп ойлаймын. 2000 жылдардың басында ағай біздің курсқа «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінен дәріс оқыды, бір күні сабақ үстінде бір студент қыз ағайдың түсіндіріп

жатқан сабағын тыңдамай, көңілі басқа жоқта болды ма, әйтеуір, әрі-бері қарап, қатты мазасызданды, оқытушы тарапанынан екі рет ескерту жасалса да әлгі қыз жаңағы қылығын жалғастыра берді. Сонда Абат ағайдың айтқаны: «Сіз не, Қозының Баяны құсап болып отырсыз, осы отырысыңыз Көтібардың Теңгесіне де тұрмайды» деп қалмасы бар ма. Аудиторияда ду күлкі емес, жым-жырттық орнады. 2010 жылдары ағай бір топқа сабақ беріпті, сөйтсе сол топтың старостасы еш себепсіз сабаққа келмейді екен, бір күні әлгі студент сабаққа келіпті, бірақ кешігіп келіпті. Ағай: «Кімсің?» десе, «Осы топтың старостасы едім» деп жауап беріпті. «Фамилияң кім?» десе, «Айтуарова» депті. Сонда Абат ағай «Айтуарова, енді саған ай да тумайды, күн де тумайды» деген екен. Аңғарып қарасақ, бұл айтылған әңгімелердің қай-қайсысында да сөздің сүйектен өтетіні, сөзбен тәрбиелеу сияқты қасиетті күндылықтар жатыр. Абат Шамұлы сабақтан тыс уақытта, өмірде нағыз юморист жан, отырған ортасын күлкіге көмілдіріп, әзілмен әрлеп жүреді. Өзі ерекше құрметтеген асылдың тұяғы Есет Құдайбердіұлымен арадағы бір әдемі әзілін үнемі айтып, сағынышпен еске алады: «Есағаң екеуміз бос уақытымызда шахмат ойнаймыз. Бірде ол жеңеді, бірде мен жеңем. Ойын барысында ағай қант диабетімен ауыратын жандарға арналған қантты аузына салып жеп отырады. Бір күні Есет ағай мені қайта-қайта жеңіп, мәз болды. Сосын мен айттым: «Әрине, жеңесіз, себебі допинг пайдаланып отырсыз ғой!» деп. Өзі де қалжыңға бір табан жақын профессор Есет Жұбанов: «Сен жеңдің, сен жеңдің» деп бір рақаттанып күлді». 17 қараша – халықаралық студенттер күніне арнап факультет студенттері «Біз де студент болғанбыз!» деген тақырыпта оқытушылармен әңгіме-дүкен құрды. Сол кездесуде Абат ағайдың айтқан мына әңгімесі есімнен кетпейді: «Қарағанды университетінде студентпіз, кешкілік жатаханада жігіттер қыздар тұратын блоктың асханасынан бір қатты қайнап жатқан қазанды «қолды қылып» бөлмеге алып келді, шанышқымызды жалма-жан алып, қазанның қақпағын ашып қалсақ, ішінде қыздардың шаш бұйралайтын термо бигудиі екен!». Айта берсек, Абат ағайдың әзіл әңгімелерінен тұратын тұтас бір жинақ құрастыруға болады. Күлген жақсы, күлкі өмірді ұзартады, көңілді тазартады. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деп ұлы Абай да айтқан.

«Бір қаріп үйреткенге қырық жыл сәлем бер» деген халқымыз. Алпыс жастың асуына шыққан ардақты ұстазымыз Абат Шамұлын өзі білім-тәрбие берген сан мыңдағын шәкірттері атынан айтулы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыстар тілейміз!

Zhubanov University.
Облыстық ақпараттық-танымдық газет.
№1 25 қаңтар 2019 ж.

А.Ш.ПАНГЕРЕЕВТІҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ОРЫНДАЛҒАН МАГИСТРЛІҚ ЖӘНЕ ДОКТОРЛЫҚ(PhD) ДИССЕРТАЦИЯЛАР

Докторанттар тізімі

№	Аты-жөні	Жылы, тақырыбы
1	Балтымова Майра Рашидқызы	2018, «Қазақ балалар фольклоры және ұлттық педагогика»
2	Қожабекова Жұлдыз Казихановна	2018, «Қазақстанның Батыс өңіріндегі айтыс дәстүрі»
3	Алиев Басқар Бағдаулетұлы	2018, «Жыраулық дәстүр және Н.Байғанин шығармашылығы»
4	Олжабаев Бекарыс Қобыланұлы	2020, «Түркі фольклорындағы «туған жер» концептісі»
5	Кенбаева Айнұр	2020, «Типология и поэтика топонимов в фольклоре тюркских нарадов»
6	Дауылова Жайнагүл Тұрланқызы	2021, « Шернияз Жарылғасұлының шығармашылық мұрасы»
7	Шуреева Айсұлу	2022, «Топонимические легенды и предания Евразийского пространства: кросс - культурное исследования»
8	Жұмағалиева Рита Рахманқызы	2023, «Ұлттық әдебиеттегі ханымдар бейнесі: типологиясы,поэтикасы»

Магистранттар тізімі

№	Аты-жөні	Жылы, тақырыбы
1.	Көпбергенова Жанар Ерсайынқызы	2010, «Көркем шығармадағы топонимдердің көрінісі»
2.	Ерназарова Гүлдана Абайқызы	2011, «Қазақ фольклорындағы топонимиялық сюжеттер»
3.	Усенова Сәуле	2013, «Қазақ фольклорындағы миф және жөн жоралғы»
4.	Сакипова Шынар	2013, «Халық ақындары шығармашылығындағы жер-су тақырыбы»
5.	Саймов Саламат	2014, «Алаш әдебиеттануы: қалыптасқан көзқарастар мен қазіргі таным»
6.	Нұрмағамбетов Марғұлан	2014, «XX ғасырдың I жартысындағы қазақ және тәжік әдебиеттеріндегі тарихи романдары: салыстырмалы аспект»
7.	Ажуова Анаргул	2014, «Б.Күлеевтің шығармашылық мұрасы»
8.	Дауылова Жайнагүл	2015, «Ш.Жарылғасұлының шығармашылық өмірбаяны мен әдеби мұрасы»
9.	Дайырова Элеонора	2015, «Жер-су атауларының поэтикасы»
10.	Куртаева Мерей Амантайқызы	2016, «Т.Ахтановтың шығармашылық мұрасы»
11.	Сарин Есет	2016, «Қобыланды батыр жыры: эпикалық есім және тарихи тұлға мәселесі»
12.	Садыкова Айнур	2017, Діни дастандар табиғаты
13.	Қожабек Аяжан	2017, «Ә.Нұршайықовтың шығармашылық жолы»
14.	Умирбаев Айбат	2018,«Қазақ романдық эпосы»
15.	Измуханова Гуляйна	2019, «Қазақ фольклоры мен әдебиетінің мифпен байланысы»
16.	Дауылбаева Салтанат	2019, «Қазақ сал-серілер поэзиясы: ұлттық руханият контексінде»

17.	Дузжасарова Аида	2019, «Тарихи аңыздардың деректілік негіздері»
18.	Утенова Құралай	2020,Шәкәрім шығармаларындағы позитивті психология
19.	Алдабергенова Разия	2021, «Ақтөбе облысындағы жыраулық дәстүр және Ақтан жырау шығармашылығы»
20.	Қосмағамбетов Айбек Сигизбайұлы	2021, «Абат – Байтақ туралы аңыздар мен жырлар:тарихи негіздері,ұлттық құндылығы»
21.	Аппақова Фарида	2022, «Ж.Аймауытов шығармаларындағы психологизм»
22.	Карбозова Жадыра Мейірханқызы	2022, «Эпос поэтикасындағы топопнимдердің деректілік қызметі»
23.	Удаева Шаттық	2022, «Айтыстың түркі халықтарына ортақ мотивтері»
24.	Абдиева Шаттық	2022, «Әлем әдебиетіндегі Ескендір бейнесі»
25.	Сагидуллаев Данияр Нурадинович	2022, «Ә.Кекілбаевтің тарихи романдары»
26.	Шайнулла Назгүл Саматқызы	2023, «М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігі»
27.	Меңдібаева Гүлжанар Қаңтарқызы	2023,Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ әдебиетінің классигі
28.	Құлымов Қайсар	2023, «Көркем әдебиетте аңыздық проза жанрларының қолданысы»

ZHUBANOV UNIVERSITY ҒАЛЫМЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА АЛДЫ

Ұлттық мереке — Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Олардың қатарында Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Абат Шамұлы Пангереев бар.

Еліміздің ғылым мен білім саласын дамытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ғалым және ұстаз А.Ш.Пангереев «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Жоғары награданы облыс әкімі Асхат Шахаров табыстады. «Жоғары білім беру саласында 1987 жылдан бері еңбек етіп келемін. Білім ордамызда екі мамандықтың, «Қазақ филологиясы» және «Журналистика» мамандықтарының ашылуын ұйымдастырдым. Осыған дейін алған ведомстволық марапаттарым бар. Ал алғашқы мемлекеттік марапатты 25 қазан — Республика күні, Ұлттық мейрамда алғаныма өте қуаныштымын. Бұл расымен де ұлық күн. Себебі мемлекет болғаннан кейін ол ұлттық сипатта болуы керек. Жер. Ел. Сана — осы үшеуі ұлттық қасиетін сақтағанда қай ел болмасын көгеріп, өркендемек. Еліміз аман болып, ғылымы, өндірісі, адами капиталы дамып, жарқын болашаққа қарай қадам баса берсін!», — дейді Абат Пангереев.

УЧЕНЫЙ ZHUBANOV UNIVERSITY ПОЛУЧИЛ ГОСУДАРСТВЕННУЮ НАГРАДУ

В преддверии национального праздника — Дня Республики Указом Президента Касым-Жомарта Токаева группа граждан награждена государственными наградами за значительный вклад в социально-экономическое, культурно-духовное развитие страны, укрепление дружбы и сотрудничества между народами и активную общественную работу.

Среди них — руководитель научно-исследовательского центра «Абайтану және ұлттық руханият» Zhubanov University, академик Академии Педагогических наук Казахстана, доктор филологических наук, профессор Абат Шамулы Пангереев.

Ученый и педагог А.Ш.Пангереев, внесший неоценимый вклад в развитие науки и образования нашей страны, награжден медалью «Ерен еңбегі үшін». Высокую награду вручил аким области Асхат Шахаров.

«Работаю в сфере высшего образования с 1987 года. Организовал открытие в нашем учебном заведении двух специальностей: «Казахская филология» и «Журналистика». Имею ведомственные награды. Рад был получить первую государственную награду в канун празднования национального праздника Дня Республики. Это действительно великий день. Потому что, государство должно носить национальный характер. Земля. Страна. Сознание — если эти три аспекта сохранят свой национальный характер, любая страна будет расти и процветать. Пусть в нашем Казахстане будет мир, развивается наука, производство, человеческий капитал и открывается дорога к светлому будущему!», — говорит Абат Пангереев.

ZHUBANOV UNIVERSITY SCIENTIST RECEIVED A STATE AWARD

On the eve of the national holiday — Republic Day, by Decree of President Kassym-Jomart Tokayev, a group of citizens was awarded state awards for their significant contribution to the socio-economic, cultural and spiritual development of the country, strengthening friendship and cooperation between peoples and active public work.

Among them is the head of the research center "Abaitanu zhane ulttyk ruhaniyat" Zhubanov University, academician of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor Abat Shamuly Pangereyev.

Scientist and teacher A.Sh.Pangereyev, who made an invaluable contribution to the development of science and education in our country, was awarded the "Eren Enbegi Ushin" medal. The high award was presented by regional akim Askhat Shakharov.

"I have been working in the field of higher education since 1987. Organized the opening in our educational institution of two specialties "Kazakh philology" and "Journalism". I have departmental awards. I was glad to receive the first state award on the eve of the national holiday of Republic Day. This is truly a great day. Because the state must have a national character. Earth. A country. Consciousness — If these three aspects maintain their national character, any country will grow and prosper. Let there be peace in our Kazakhstan, let science, production, human capital develop and the road to a bright future open!" says Abat Pangereyev.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 4

А.Ш.Пангереевтің еңбек жолы 6

Марапаттар 10

А.Ш.Пангереевтің ғылыми еңбектерінің тізімі 13

А.Ш.Пангереевтің азматтық тұлғасы, ғылыми жұмыстары жөнінде жазылған еңбектер 40

А.Ш.Пангереевтің жетекшілігімен орындалған магистрлік және докторлық (PhD) диссертациялар 75